# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

08.02.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№05 (8119)



JEZQAZǴAN – 65
ҮГЕДЕЙ... СЕРГЕЙ БӨКЕЙХАНОВ
3-бет

JASTAR
ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ОҢ ШЕШІМІН ТАБУДА
4-бет

QOǴAM
ҰЛЫТАУДЫҢ ЖАСАМПАЗ ҚЫЗЫ ЕДІ
5-бет

ÁLEÝMET
ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ЖАҢҒЫРТУ ТУРАЛЫ
6-бет


ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

## ЭКОНОМИКАНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНДА ДАМУ БАЙҚАЛАДЫ

**Мемлекет басшысының Жарлығына сай, орталық мемлекеттік органдар мен облыс, қала, аудан басшылары жыл сайын халық алдында атқарған жұмыстары туралы есеп беретіні белгілі. Сол дәстүрмен 6 ақпанда Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов қала халқы алдында есептік кездесу өткізді. Кездесу С. Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театрының ғимаратында өтті.**




Жиналған жұртшылық алдында есеп берген әкім өткен жылы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өзгерістердің болғанына назар аудартты. Бюджетке түсетін түсімдер жоспарға сай орындалып, соның арқасында жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар толық жүзеге асқан. Өнім көлемін арттыру, жаңа өндірістік нысандар ашу ісінде де ілгерілеу байқалады. Сөзін:

– Халқымызда «Кеңес қылған ел азбайды, кең пішкен киім тозбайды» деген сөз бар, бүгінгі кездесуіміз келешекте кемел істерге бастау болсын деп тілеймін. Жалпы алғанда, мыс қаласы – Жезқазғанның 2018 жылғы табыстары айтарлықтай. Мемлекет басшысының, облыс әкімінің кең қолдауының арқасында бір жыл ішінде бірқатар оң өзгерістерге қол жеткіздік. Экономиканың барлық саласында ілгері даму бар, – деп бастаған Қайрат Баяндыұлы қаланың өткен жылғы экономикалық-әлеуметтік даму көрсеткіштеріне кеңінен тоқталды.

– Екінші бес жылдық бойынша Индустриаландыру картасына жалпы инвестиция көлемі 16,1 млрд теңге болатын 11 жоба қосылды. 2010 жылдан бері 6,7 млрд теңгенің 9 жобасы жүзеге асып, 650 жаңа жұмыс орнын ашу мен 1,9 млрд теңгенің өнімін шығаруды қамтамасыз етті. Кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс 2018 жылы желтоқсан айында «Қазтехфильтр» ЖШС-ның «Іштен жанатын қозғалтқыштардың ауа сүзгілері элементтерін шығару өндірісін кеңейту және жаңғырту» және «Жалтырбұлақ» АҚ-ның «Құрамында алтын кені бар смоланы өңдеу цехының құрылысы» сынды екі жоба іске қосылды. Бұл жобаларда 32 жаңа жұмыс орны ашылып, жалпы инвестиция көлемі 590 млн теңгені құрады. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2018 жылы құны 2 млрд теңге болатын, 250 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берген «ULYTAY NAN» ЖШС-ның нан өнімдерін шығару зауыты» жобасы жүзеге асты. Мұнда өндіріс технологиясы цифрландыру талаптарына толық жауап береді және зауыт ел аумағындағы алдыңғы қатарлы кәсіпорын болып саналады. Индустриаландыру картасына қатысушы кәсіпорындардан мемлекет бюджетіне 240 млн теңге түсіп, бұл салықтық түсімдердің жалпы көлемінің 3%-дан астамын құрады. 2018 жылы іске қосылған кәсіпорындардың жобалық қуатына көшуі өнеркәсіп өнімдерінің көлемін 0,7%-ға арттыруға мүмкіндік береді, – деді Қайрат Баяндыұлы өз баяндамасында.

Әкімнің айтуынша, инвестициялар 2018 жылдың қорытындысы бойынша капитал салудың оң динамикасы байқалып, инвестиция салу 2017 жылмен салыстырғанда 2,2 есеге өсті. Қала экономикасына 26,4 млрд теңге инвести цияланды. Негізгі капиталға құйылған инвестициялардың ішінде ауқымды үлес кәсіпорындардың өз қаражаттарына тиесілі – 91,7 % немесе 24,2 млрд теңге, бюджеттік инвестициялар көлемі 8,3 %-ды немесе 2,2 млрд. теңгені құрады.

Бұл қарқын алдағы уақытта да сақталмақ.

Ауылшаруашылық саласына да қала билігі ерекше көңіл бөліп отыр. Аграрлық секторды дамыту бойынша барлық іс-шаралар нарықта сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз ету міндеттерін жүзеге асыруға бағытталды.

►►2-бетте

АЩЫ САБАҚ

## ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒА

### *қордаланған мәселелерді көрсетіп берді*

**Ақпанның 3-інен 4-іне қараған түні Астананың Сарыарқа ауданындағы «Көктал-1» жер үйлер массивінде болған өрттен 2006, 2008, 2013, 2015 және 2018 жылы туған бес қыз бала қаза тапты. Тұтастай республика жұртшылығын алаңдатқан осы қайғылы оқиғаға байланысты Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қаза болған балалардың отбасына көңіл айтып, орталық мемлекеттік органдар мен Астана қаласының әкімдігіне нақты тапсырмалар берді.**



Қайғылы оқиғаға байланысты ҚР Парламент Сенатының төрағасы Қ. Тоқаев, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары М. Әшімбаев, тағы басқа лауазымды тұлғалар қаралы отбасыға көңіл айтып, әлеуметтік саладағы жұмысты қайта қарау керектігін атап өтті.

Сенат төрағасы: «Астанада өрттен көз жұмған 5 бала туралы жаңалықты терең күйзеліспен қабылдадым. Бұл – үлкен қасірет. Марқұмдардың жақындары мен туыстарына көңіл айтамын. Бұл жағдай тиісті мемлекеттік органдар мен жалпы қоғамға сабақ болуы тиіс», – десе, Мәулен Әшімбаев: «...Бұл жайт қоғамдағы кейбір өзекті мәселелердің кезек күттірмей шешуді қажет ететінін көрсетіп берді. Шын мәнінде, көп балалы отбасыларға жүйелі қолдау көрсету, жұмыс істейтін аналарға лайықты жағдай жасау және балалар құқығын қорғау мәселесінде әлі де болса жетілдіретін тұстардың бар екені сөзсіз. Сондықтан да халықтың жәрдемақы, баспана мәселесіне қатысты айтып, жазып жатқан сөздері орынды», – дей келе «Нұр Отан» партиясы қордаланған мәселелерді зерделеп, шешімін табу үшін ұсыныстар әзірлейтінін жеткізді.

Ақпарат құралдарында жазылғандай, ел аузында «времянка» аталып кеткен жалпы ауданы 30 шаршы метрлік уақытша баспананы жалдап тұратын ерлі-зайыпты Евгений және Жанымгүл Ситер қайғылы оқиға болатын түні жұмыста болған. Түнде тұтанған өртті көршілері байқағанмен, үй ішінде қалған бес баланы аман алып шығу мүмкін болмаған. Өрт сөндірушілер де оқиға орнына жеті минутта жеткенімен, балаларды құтқаруға үлгермепті.

Қаралы отбасыға ел халқы жаппай көңіл айтып, қаржылай көмек көрсетті. Көптің қабырғасын қайыстырған оқиға әлеуметтік желілерде, қоғам белсенділері арасында қызу талқыланды. Баспасөзде Евгений мен Жанымгүлдің тұрмыстық жағдайының төмендігі, бірнеше банкке несие төлеп келгендігі тілге тиек етіле отырып, елдегі әлеуметтік мәселелердің соңғы уақытта күрделеніп кеткені айтылуда. Мемлекеттік органдар да бұл мәселеге шұғыл назар аударып, Үкімет, түрлі министрліктер мен әкімдіктер деңгейінде ана мен бала құқығы, көп балалы аналарды қолдау шаралары бойынша кеңестер құрылып, нақты жұмыс басталатынын хабарлауда.

Осылайша ақпанның алғашқы аптасындағы қайғылы оқиға бір отбасының ғана емес, тұтастай қоғамдағы қордаланған мәселелерді ашып берді. Енді содан сабақ алсақ игі...

**Дархан МҰХАН**

КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

### *Зина АҚЫЛБЕКОВА, Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары:*

## АУҒАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕР ҚАШАН ДА ЗОР ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

**Тарих беттерінен өзінің қаралы, нәубет жылдарымен орын алған зұлматтың бірі – Ауған соғысы. Кеңес одағы тұсында 1979-1989 жылдар аралығында Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын атқарғандар қатарында біздің өңірімізден де жауынгер азаматтар бар болатын. Жезқазған қаласынан Қандагарға 117 жауынгер аттанған. Жат жерде жерлестеріміз Виктор Тарадай, Асылбек Мамажанов, Манарбек Сансызбаев, Олег Морозов, Ғибадат Құттыбаев ерлікпен қаза тапты. Бүгінде 86 жезқазғандық жауынгер-интернационалист қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, туған қаланың өркендеуіне үлестерін қосып жүр. Биыл – Ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына 30 жыл. 1989 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерлері ауған жерінен біржола шықты. Он жылға созылған бұл соғыстан көбі мүгедек болып оралды. Ерлік қашан да елге мұра, ұрпаққа ұран болатыны белгілі. Отыз жылдыққа орай қалада қандай іс-шаралар жоспарлануда деген сұрақпен Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбековамен сұқбаттасқан едік.**



***– Зина Жұманазарқызы, отыз жылдық қалай аталып өтіледі?***

– Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 30 жыл өтсе де, сол кездегі жауынгерлер, бүгінгі бейбіт өмірдің еңбеккерлері соғыс жарасын ұмытпайды. Заманның бейбіт уақытында бөтен жерде қару ұстап, қанды ұрысқа еніп кетуі олардың – бұйрыққа адалдығын көрсетті. Қаншама таныстары, майдандас достары оққа ұшып, жараланып жатса да батырлар мойымады. Осындай ерлік жасап, туған елге аман-есен оралғандары бар, жат жерде қайтыс болғандары бар, жараланып, мүгедек болып келгендері бар. Олардың барлығы – біз үшін, ұрпақ үшін батыр.

Қаладағы барлық білім мекемелері осы күндері тәрбие сағаттарын, ашық сабақтар өткізуде. Оқушылар Ауған соғысы ардагерлерімен кездесіп, олардың ерліктері жайлы мәліметтер айтылады. «Ерлік – жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізіп, естеліктерін тыңдау – біз үшін бір ғанибет. Асылбек Мамажанов білім алған №8 қазақ гимназиясында ауғандықтарға арналған арнайы бұрыш бар. Виктор Тарадай оқыған №13 орта мектепте де жылда оқушыларға рух беретін, патриоттық шаралар өтіп келеді. Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде де осы қос жерлесімізге арналған тақта бар. Ол жерде де түрлі іс-шаралар өтеді.

20 ақпан күні Серке Қожамқұлов атындағы музыкалық драма театрында «Ауған қасіреті» қойылымы көрсетіледі. Барлық ауғандық ардагерлер мен олардың отбасыларын, жалпы қала жастарын сол күні театрға шақырамыз.

►►5-бетте

ҚАЛАМГЕРЛЕР КЛУБЫНДА

## ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ



**С.Сейфуллин атындағы кітапханада «Қаламгерлер клубы» отырысының аясында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, ҚР Мәдениет қайраткері, «Құрмет» орденді белгілі журналист Батырбек Мырзабековтің баспадан жуырда шыққан «Аңшының әңгімелері» кітабының тұсаукесері өткізілді. «Тауларым — менің қорғаным» деп аталған бұл кездесуде бас қосқан әдебиет пен өнерге етене араласып жүрген зиялы қауым өкілдері жаңа жинақ туралы пікір білдіріп, ойларын ортаға салды.**

Б. Мырзабековтің прозамен қатар өлең жазатын ақындығы да бар екенін көпшілік біледі. Жарық көрген жыр жинақтары да оқырмандар көзайымына айналған. Осыған орай, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенттері тұсаукесер алдында ақын өлеңдерін оқыды. Кеш иесі Батырбек Мырзабеков республикалық, облыстық байқауларда өлеңдерімен көрініп, жүлделі орын алып жүрген жас таланттарға, сондай-ақ, белсенді оқырмандарға марапат сыйлықтарын табыстады. Бұдан соң жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімі жасалды. Әдебиетші, филология ғылымдарының кандидаты, ақын Кенжебай Ахметов, «Қазақмыс» корпорациясы Ардагерлер кеңесінің, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров және филология ғылымдарының кандидаты, «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының директоры, ақын Ғазиз Ештанаев «Аңшының әңгімелері» туралы жылы лебіздерін білдірді.

Жалпы, қаламгер ел ішіндегі әңгімелерді жазуға бейім. Өзі қолына мылтық алып сай-саланы кезбесе де Баткең аң қуғандар мен аңшылыққа аңсары ауғандарға жақын жүрді, көпірте айтқан көп әңгімелерін құлаққа құйды. Бұл — жаңа кітап соның жемісі. Өз пікірінде К.Ахметов атап өткендей, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деп Абайдың өлеңіндегі айтылатын аңшылық дәстүрі қазақ қаламгерлерінің біразының шығармаларында бұған дейін де жалғасын тапқаны белгілі. Ал, Баткеңнің аңшылары жергілікті аймаққа танымал адамдар болуымен құнды. Аңшы әңгімелерінің «Ұлы Даланың жеті қырындағы» Елбасы алға тартқан ұлттық ерекшеліктерімізге де сай келетіні орынды атап өтілді.

Сөз кезегін алған қаламгер Батырбек Мырзабеков аңшы әңгімелеріне қалам тартуға себеп болған ел ішіндегі оқиғаларды айта келіп, жаңа кітаптың тұсаукесеріне жиналған жұртшылыққа алғысын білдірді. «Қаламгерлер клубы» кездесуінде қалыптасқан дәстүрге сай соңғы жазған өлеңдерін оқыды. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртістері, Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншілері Ғалым Мұхамедин мен Береке Көшенов кеш шырайын кіргізіп ән шырқады. Іс-шараны ұйымдастырушы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Түгелбаева кітап тұсаукесеріне белсене қатысып, атсалысқан оқырмандарға марапат қағазын тапсырды.

**Амандық РАХҰЛЫ**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕ ҮКІМЕТТІК ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысының қорытындысы бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасымен ҚР Үкіметінің жанынан еліміздің азаматтарының табысын арттыру және тұрмыс сапасын жақсарту, сондай-ақ, көп балалы отбасыларға қолдау шараларын күшейту жөніндегі жұмыс тобы құрылды.**

Жұмыс тобына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е. Досаев басшылық етеді. Оның құрамы «Нұр Отан» партиясының, әлеуметтік-экономикалық блок, инфрақұрылымдық даму, ішкі істер министрліктерінің және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен тұрады.

Жұмыс тобы екі ай ішінде Мемлекет басшысы тапсырмаларын орындау бойынша кешенді шаралар қабылдауы қажет. Комиссия жұмысына қоғамдық ұйымдар, сарапшылар мен жұртшылық өкілдері тартылады.

## «СЫБАҒА» БОЙЫНША НЕСИЕЛЕУГЕ ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

**Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры «Сыбаға» бағдарламасы бойынша несиелеу өтініштерін қабылдауды жалғастыруда. Қаңтар айында қор жалпы сомасы 1,3 млрд теңгеге 1,2 мың бас ірі қара мен 3,2 мың бас ұсақ мал сатып алуға 42 несие берді.**



Өткен жылы Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығының сапалық сипаттамаларын өсіру және жетілдіру, қазақстандық ет экспортын ұлғайтуды көздейтін Мал шаруашылығын дамыту бойынша салалық бағдарламасын әзірледі. Қаржы операторларының бірі – «Сыбаға» бағдарламасын іске асыратын «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ.

Бағдарлама шарттарына сәйкес, несиелер асыл тұқымды ірі қара мал басы мен ұсақ мал басын және негізгі құралдарды сатып алуға мен айналымдық қаражатты толықтыруға беріледі. Яғни, малмен қатар, фермерлер машина-трактор паркін жаңартып, қажетті жабдықтарды, мал азығын сатып алуға мүмкіндік алады.

Осылайша, Мемлекет басшысының мал шаруашылығын жандандыру, еңбек өнімділігін арттыру және қайта өңдеу өнімдерінің экспорттық көлемін бес жыл ішінде 2,5 есеге арттыру міндеті орындалуда.

– Өткен жылы Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры 15,6 млрд теңге көлемінде 679 өтінімді қаржыландырды. Бөлінген қаражат 23,8 мың бас асыл тұқымды ірі қара мен 75,4 мың бас ұсақ мал сатып алуға жұмсалды. Бүгінгі күні қазақстандық шаруашылықтарға шет елдерден 9,3 мың бас ірі қара жеткізілді – дейді «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ несие департаментінің директоры Геррард Бааль.

Мысалы, Батыс Қазақстан облысында орналасқан «Арғымақ» шаруа қожалығы РФ Тамбов облысында 60 симментал тұқымды сиыр сатып алды. Бұған дейін шаруашылықта 100 жылқы және еділбай тұқымының 700-ге жуық қойы болған. Бірақ шаруашылық басшылары тиімді мал шаруашылығын кеңейтуге назар аударды. Жазға қарай алғашқы төл күтілуде.

Ақмола облысындағы «Ел-Хан» шаруа қожалығы Буланды ауданына 100 ангус сиырын әкелді. Олардың 60-ы, сондай-ақ, жаңа «Беларус» маркалы тракторды сатып алу Қор арқылы қаржыландырылды. Айта кету керек, бұл мал «Терра» ЖШС-нен сатып алынған. Аталған мал бордақылау алаңы АҚШ-тан американдық ангустарды әкеліп, олардан сапалы жас төл алды. Және қазір асыл тұқымды малды жергілікті шаруашылықтарға сатуда.

– Шетелде мал басын сатып алған шаруашылықтар мемлекеттен субсидия алады – әрбір сатып алынған мал басына 225 мың теңгеден, – дейді департамент директоры Г.Бааль. – Сонымен қатар, мемлекет пайыздық мөлшерлемені жылдық 14-тен 4 пайызға дейін төмендетеді. Мемлекет тарапынан қолдаудың тағы бір тетігі – шаруашылықтарға бұқаларды бордақылау алаңына тапсырған кезде тірі салмағының әр килограммына 200 теңгеден субсидия төленеді.

«Сыбаға» бағдарламасының тағы бір маңызды ерекшелігі – кепілдікке несие қаржысына сатып алынатын ірі қара мал алынады (кепілдік сомасының 75%-на дейін).

Бүгінгі таңда Қор «Сыбаға» бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдауды жалғастырады. Несиелер 70 млн теңгеге дейін көлемде беріледі, мерзімі - 15 жылға дейін, сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 4% (субсидиялауды есептегенде), жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - 4,1%-дан бастап.

## ЖӘЙРЕМДЕ ҮШЕМ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ




**Жәйрем кентінің көпбалалы тұрғыны дүниеге үш қыз алып келді. Бұл – Қарағанды облысында осы жылы туып отырған бірінші үшем.**

– Жыл басы өңірімізде үшемнің дүниеге келуі секілді жағымды жаңалықпен есте қалып отыр. Қазіргі таңда сәбилердің және олардың анасының жағдайы қалыпты. Нәрестелер жақсы салмақ жинап жатыр, – деп мәлімдеді Денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.

Қарағанды облысы Жәйрем кентінің 34 жастағы тұрғыны дүниеге үшем алып келді. Дәрігерлердің айтуынша, нәрестелер табиғи жолмен, яғни ЭКО-сыз біткен. Бұл Ботагөз есімді жас ананың төртінші рет босануы, оның тағы үш баласы бар. Жаңа туған сәбилерге ата-аналары Аяла, Айым және Сезім деген есімдер берген.

Ақ халаттылардың мәлімдеуінше, әйелдің жүктілігі қалыпты өтіп, шараналар мерзіміне сай дүние есігін ашқан екен. Аяланың салмағы 1 кг 980 грамм, бойы 44 см, Айым – 1 кг 765 грамм, бойы 43 см, ал Сезім әпкелеріне қарағанда ең кішкентай болып туған, оның салмағы 1 кг 640 грамм, бойы 43 см. Қазіргі таңда облыстық перинаталдық орталықтың дәрігерлері нәрестелерді күту бойынша барлық қажетті әрекеттерді жасауда.

– Қазір сәбилер палатада, анасының жанында. Дәрігерлер балаларға күтім жасап жатыр, оларды қосымша тамақтандыруда. Шараналардың тез ширап кетуіне анасының қосар үлесі өте зор. Ол айтылған барлық нұсқаулықтарды орындап жатыр. Соның арқасында кішкентай қыздар тез салмақ жинап келеді, – деді ведомство өкілі.

Әзірге үшем мен олардың анасы перзентханадан қашан шығатыны белгісіз. Олар дәрігерлердің бақылауында. Сәбилердің денсаулық көрсеткіштері қалыпты нормаға жеткен бетте үйлеріне шығарылады.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# ЭКОНОМИКАНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНДА ДАМУ БАЙҚАЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



2018 жылдың қорытындысы бойынша ауылшаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 4,6 млрд теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға өсті. Бүгінде қаланың агроөнеркәсіптік кешені құрамына 234 ауылшаруашылық құрылымы, сонымен қатар, ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуші «Сүт Жағасы» ЖШС, «Баян» ЖШС кіреді. «Сыбаға» және «Алтын асық» мемлекеттік бағдарламаларының енгізілуіне байланысты ауыл шаруашылығында оң өзгерістер байқалуда.

– Былтыр осы бағдарламалар аясында 33 шаруа қожалығы 31,8 млн теңге субсидия алды. 4 шаруа қожалығы импорттық 220 бас ұрғашы ірі қара мал сатып алу үшін 138 млн теңге көлемінде жеңілдікпен кредиттік қаражат алды. «Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» аясында жалпы сомасы 70 млн теңге болатын 15 микрокредит берілді. Сонымен бірге, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамыту үшін жасалып жатқан жағдайлар азаматтардың өз ісін ашу мен кеңейту белсенділігін арттырып отыр. «Айыртау Агро» ЖШС өз қаражатына импорттық 170 бас ұрғашы ірі қара мал алды. Мемлекет пен ауылшаруашылығы өнімін өндірушілер тарапынан жасалып жатқан қолдау шараларының арқасында жыл сайын мал басы және мал шаруашылығы өнімдерінің тұрақты өсуі қамтамасыз етілуде. 2017 жылмен салыстырғанда ірі қара мал саны 0,7 %-ға, жылқы 8%-ға, үй құстары 5,6%-ға өсті. Сүт өндіру 2%-ға, жұмыртқа 12,1%ға артты. Биыл жалпы өнім көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 49 %-ға артып, 6,9 млрд теңге көлемінде болады деп жоспарланып отыр. Өсімге қол жеткізу мал шаруашылығын дамыту және ауылшаруашылығы құрылымдарының мемлекеттік қолдауды пайдалануы арқылы мүмкін болмақ. Осы мақсатта мал басын арттыруға арналған 15 микрокредит, 40 млн теңгеден асатын 35 субсидия, сонымен бірге, шаруа құрылымдарының өз қаражаттарын салу күтілуде, – дейді қала басшысы.

Атқарушы билік қызметінің басым бағыттарының бірі қала мен оған жақын орналасқан ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыру болған және болып қала береді.

2018 жылы инфляциялық процестерді тежеу және халықты қолжетімді бағадағы бірінші қажеттілікке жататын өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында қалада 52 ауылшаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылып, 963 млн теңгенің өнімі сатылды. Оған жергілікті тауар өндірушілер, шаруа қожалықтары мен саяжай иелері қатысты. Қалада бес әлеуметтік бағыттағы дүкен жұмыс істейді, сондай-ақ, қала халқы күн сайын әлеуметтік маңызы бар өнімдерді екі әлеуметтік павильоннан орташа нарық бағасынан арзанға сатып алу мүмкіндігіне ие. Әлеуметтік павильондар тұрақты жұмыс істейді. Жергілікті тауар өндірушілермен әлеуметтік маңызды өнімдердің көтерме және бөлшек бағасын өсірмеу туралы түрлі меморандумдар жасалған.

– «Қазақмыс» корпорациясының қолдауымен инфляциялық процестерді тежеу мақсатында Кеңгір ауылы аумағында «ULY DALA» гипермаркеті ашылды, онда Жезқазған және Сәтбаев қалаларының тұрғындары бірінші қажеттілікке жататын өнімдерді қолжетімді бағаға ала алады. Қалада жаңадан «Самади» супермаркетінің құрылысы жүріп жатыр. Онда да бағалар әлеуметтік сипатта болады. Бірінші қажеттілікке жататын тауарлардың бағасын негізсіз өсіруді болдырмау жұмыстары жалғасады және тұрақты бақылауда болады, – деді қала әкімі өз баяндамасында.

Экономика дамуының бір көрсеткіші – кәсіпкерліктің қанат жаюы. Сондықтан да қала басшылығы жұмысындағы басым бағыттардың бірі шағын және орта бизнесті дамыту және қолдау болып қала бермек.

– 2018 жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыру үшін 31 жобаға қолдау жасалды, олардың ішінде: 18 субсидия, 12 кепілдік және 1 жетпей тұрған инфрақұрылымды жүргізу жөніндегі 1 жоба. Бұлардың жалпы құны 964,7 млн теңгені құрады. Қаржылық емес қолдаудың түрлі бағыттарымен 400 адам қамтылды, 29-дан астам консультация берілді. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» аясында 2018 жылдың басынан бері 5 адам 75 млн теңге болатын микрокредит алды. Кәсіпкерлік саласында оң климат қалыптастырудың нәтижесінде жаңа сауда және қызмет көрсету нысандары ашылды. Өткен жылы қалада 28 шағын және орта бизнес нысаны ашылып, 3,2 млрд теңге көлемінде инвестиция құйылды, жаңадан 280 жұмыс орны пайда болды. Мысалы, «ULY DALA» гипермаркетінің ашылуы және «Garden Hall» мәдени ойын-сауық орталығының құрылысы сияқты ірі жобалар жүзеге асты, – дейді Қайрат Баяндыұлы.

Шағын және орта бизнестің (ШОБ) қала экономикасына белсенді атсалысуы негізгі көрсеткіштердің оң динамикасынан көрініс тапты. Шағын және орта бизнес саласындағы өнім көлемі 34,3 млрд теңгені немесе 2017 жылмен салыстырғанда 101,5 %-ды құрады. Экономиканың бұл секторында 14 мыңнан астам адам еңбек етеді, бұл – қала халқының экономикалық белсенді бөлігінің үштен бірі. Бүгінгі таңда ШОБ-тың қала экономикасындағы үлесі 10 %-дан асады, ал жалпы түсімдердегі үлесі – 36 %-дан астам. Биыл да ШОБ-ты дамытудың қарқыны сақталады және жалпы сомасы 1,6 млрд теңгені құрайтын 20 нысан ашу жоспарлануда. Осының арқасында жаңадан 90 жұмыс орны ашылып, салық түсімдері 18 млн теңгені құрамақ. Олар: «А-төрт» ЖШС, «Самади» гипермаркеті сынды ірі нысандар бар.



Жұмыссыздықты жою, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен азаматтарды қолдау – мемлекет саясатының басым бағыты. Қалада бұл салада да ілгерілеу байқалады. Жалпы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында 2018 жылы негізгі міндет экономиканың барлық саласында жаңа жұмыс орындарын ашу, азаматтарды өнімді еңбекке жұмылдыру және жұмыссыздық деңгейін төмендету болды. Өткен жылдан бері қалада өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы белсенді жүзеге асуда. Осы бағдарлама аясында бағдарламаның 20 қатысушысына 144,8 млн теңге микркредит берілген.



– Жұмыспен қамтуды қолдау шараларының арқасында 3345 жұмыссыз жұмысқа қамтылды. Бұл былтырғы жылғы деңгейден 109 %-ға жоғары. 115 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 121 адам жастар практикасына жолдама алды. Бұл өткен жылдың көрсеткіштерінен 1,3 есеге артық. Ақы төленетін қоғамдық жұмысқа 617 адам қатысты, бұл өткен жылдың қаңтар-желтоқсандағы көрсеткішінен 100,2 %-ға артық. Өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде жұмыссыздық саны өткен жылдағыдан 10 %-ға төмендеп, 188 адамды құрады. Есепті жыл ішінде 1025 жаңа жұмыс орны ашылды, оның ішінде 267 жұмыс орны – тұрақты немесе жоспардың 102,2 %-ы. Биыл 1025 жаңа жұмыс орнын, оның ішінде 268 тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарлануда, – дейді қала басшысы.

Осы ретте 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сай аз қамтылған азаматтарды қолдаудың жаңартылған түрі – атаулы әлеуметтік көмек жаңа форматта көрсетіліп жатқанын айта кеткен жөн. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға 133 отбасы немесе 559 адам өтініш берген, оларға 29,8 млн теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, берілді. Жыл басынан бері үйден оқытылатын мүмкіндігі шектеулі 47 балаға 1,1 млн теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. 26 отбасыға тұрғын үй көмегі тағайындалып, 516,3 мың теңге төленген. Арнаулы әлеуметтік көмек алатын 14 жалғызбасты зейнеткер мен мүгедекке 375,3 мың теңге көлемінде өтемақы алған. Соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілгендерді, мүгедектер мен зейнеткерлерді қолдау жергілікті атқарушы билік органдарының басты назарында бола бермек. Барлығы 6,5 мыңнан астам азаматқа жалпы сомасы 35,3 млн теңге әлеуметтік көмек көрсетілді. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық.

Білім беру саласында атқарылған іс те аз емес. «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін тарату мәселелері бойынша оқыту байланыстарын кеңейту және тереңдету мақсатында қаламызда өткен жылдың маусым айында «Ұлы дала мұрагерлері» форумы өтті. Оның жұмысына Жезқазған аймағынан 3 мыңнан астам оқушы мен мың шақты педагог қатысты.

Білім берудi дамытудағы басым бағыт балаларды (3-6 жас аралығы) мектепке дейінгі білім және тәрбиемен қамту, 2018 жылы 1-6 жас аралығындағы балалардың қамтылуы 73,4 %-ды құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 3,4 %-ға жоғары. 130 орындық 3 жеке балабақша ашылуы есебінен 3-6 жас аралығындағы балаларды қамту көрсеткіші 95,8%-дан 96,6%-ға немесе 0,8 пайыздық пунктке артты.

Осы және басқа да салалар бойынша атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталған қала әкімі өзінің халық алдындағы есебі осыған дейін жергілікті басылымдарда жарияланғанын айтып, кезекті кездесуге жиналған тұрғындардың сауалдарына берді. Залға қойылған микрофондарға қала тұрғындары кезек-кезек келіп, әкімге өтініштері мен сұрақтарын жеткізді. Қала басшылығына айтылған ұсыныстар да аз болмады. Сұрақтардың дені коммуналдық салаға, жол мен жарық, жылу, су желілерінің жұмысына қатысты болды. Мәселен, Бекболатсай елді мекенінің тұрғындары кәріз жүйесі тартылса деген тілектерін айтады. Қала басшысы қазір аталған елді-мекенге кәріз жүйесін тарту бойынша жұмыс басталғанын, бірінші кезекті құжаттары әзірленіп жатқанын, жобалық-сметалық құжат дайын болысымен қажетті қаражат бөлініп, жұмыс басталатынын айтты.

Ардагер-геолог Сұлтан Сүтбаев қала басшысына төрт бірдей сауал қойды. Ақсақал қала басшысымен осыған дейінгі кездесулерде көтерілген Кетбұқа ескерткіші тұрған көшеге батыр бабамыздың есімін беру туралы мәселені көтерді. Әкім биыл жалпыұлттық халық санағы өтуіне байланысты елді-мекендер мен көше аттарын өзгертуге уақытша мораторий жарияланғанын, соған байланысты аталған мәселе мораторий аяқталған соң қайта қаралатынын жеткізді.

Сондай-ақ, ардагер былтыр Үкімет басшысы Б. Сағынтаевтың Жезқазғанға жұмыс сапары барысында Айдос-Үйтас су көзінен Жезқазғанға жер асты суын жеткізу жайын айтқанын еске салып, осы жұмыстың қазіргі жай-жапсарын сұрады. Қайрат Баяндыұлы бұл мәселе бойынша жоспарлы жұмыс жүріп жатқанын, қазір аталған су құбырына қатысты жобалық-сметалық құжат әзірленіп жатқанын, биылғы жылдың екінші тоқсанында оның дайын болып, мемлекеттік сараптамаға жіберілетінін жеткізді.

Ардагерді алаңдатқан тағы бір мәселе – ел аузында «гидроцех» аталып жүрген су тазартқыш құрылғылардың жай-күйі. Қала әкімі аталған нысанда былтырдан бері жоспарлы жөндеу жүріп жатқанын, былтыр 900 млн теңге бөлінсе, биыл 1,2 млрд теңге көлемінде жаңарту жұмысы жүретінін, бұл бағытта қандай да бір қиындықтың жоғын жеткізді. Сұлтан Сүтбаев сонымен бірге биыл аталып өтіп жатқан қаланың 65 жылдығына орай ертеректе салынған, бүгінде әбден тозығы жеткен екі қабатты ағаш үйлерді жаңарту туралы да өтінішін ортаға салды. Қала басшысы қаладағы 16 апатты үйдің мәселесі бірінші кезекте тұрғанын, сонымен бірге осы ескі үйлердің орнына жаңа бес қабатты тұрғын үйлер салу мәселесі кәсіпкерлермен талқыланып жатқанын айтты.

Вокзал маңы тұрғындары атынан сөз алған Мархаббат Қожантаев аталған ауданда жылу желілеріндегі қысымның төмендігіне шағымданды. Қала басшысы бұл мәселеден хабардар екендіктерін, қазір жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны оның себебін анықтап жатқанын, құдай қаласа келесі жылыту маусымына дейін мәселенің оң шешім табатынына сендірді.

Ал, Шахман Асансейітов есімді тұрғын Ұлытау ауданы дихандарының астығын кәдеге жарату мәселесін көтерді. Жақында ашылған «Ұлытау-нан» зауытында Жезқазғанның ұнын пайдаланудың жолдарын қарастыруды ұсынды. Коммуналдық саланың қыруар мәселесін айтып жар құлағы жастыққа тимейтін Шәмшібек Ықласов ауыз су сапасы назардан тыс қалмау керектігіне назар аудартып, коммуналдық базардың әу бастағы мақсатқа сай жұмыс істемей тұрғанына тоқталды. Қала басшысы қазіргі таңда бұл нысанның жұмысына байланысты санитарлық-эпидемиологиялық мекемелердің қорытындысы барын айтып, мәселенің бақылауда екенін жеткізді.

Қоғамдық белсенді Асқар Қошанов былтыр мемлекеттік мекемелердің жұмысын бақылау жөніндегі арнайы мониторингтік топ құрамында болғанымен, топ мүшелері өздеріне жүктелген функцияларды атқаруға мүмкіндік болмағанын айтып, бірқатар жұмыстар бойынша алаңдаушылық барын жеткізді. Қала басшысы жауапты тұлғаларға белсендіні биылғы қоғамдық бақылау комиссияларының құрамына қосу мәселесін қарастыруды тапсырды.

«Самға» ПИК-і төрағасы Гүлжазира Төлепбекова Халыққа қызмет көрсету орталығы, №№1, 4 мектептер орналасқан Б.Момышұлы көшесін жарықтандыру, тротуар мен жолдың жайына қатысты шағым айтты. Қайрат Баяндыұлы биыл жергілікті бюджеттен осы көшеге жол салып, жарық тарту үшін 250 млн теңге қарастырылғанын, қазір мердігерді анықтау бойынша конкурс өтіп жатқанын, ол аяқталысымен 31 жарық бағаны мен шам орнату, асфальт, тротуар төсеу жұмыстары басталатынын айтты.

Қала тұрғыны Қарлығаш Мақыш биыл жаңадан балабақша ашыла ма деген сауал қойды. Әкім биыл қалада 2 жекеменшік балабақша ашу жоспарланып отырғанын, ол балабақшаларды мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында қаржылай қолдау болатынын, соның арқасында ата-аналардың балабақшаға төлейтін ақысын төмендетуге мүмкіндік болатынын жеткізді.

Қалалық «Аналар кеңесінің» жетекшісі, ақын, Зинаида Чумакова Астанада болған қайғылы оқиғадан кейін аз қамтылған отбасылардың тұрмыс жағдайымен, жеке сектордағы тұрғын үйлердің мәселелерімен жіті танысу үшін арнайы рейдтер ұйымдастыруды ұсынды. Тұрғындар тарапынан сондай-ақ, коммуналдық төлемдерді өсірмеу, қызмет сапасын арттыру, емдеу мекемелерінің жұмысы, қалаішілік автобустардың жүру жиілігі мен қызмет сапасы, ішкі туризм ПИК-тер жұмысы, экологиялық ахуалға қатысты, тағы басқа да сұрақтар қойылып, әкім тарапынан нақты жауаптар берілді. Осылайша жиналғандар есептік кездесу тұрғындарды толғандырған барлық мәселе көтеріліп, ойда жүрген сауалдарға толық жауап берілген пайдалы жиын болды деп тарқасты.

**Дархан МҰХАН**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ӘКІМ ЕСЕП БЕРДІ, ЕЛ НЕ ДЕЙДІ?

# ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ

**Қала әкімінің есеп беру кездесуіне қатысып, қуанып қайттық.**

Есептік кездесу қарсаңында қала басшысы Қайрат Бегімовтің өткен жылы атқарылған жұмыстары туралы жергілікті «Saryarqa» газетінен оқып, бірқатар жоспарларға да қанық болдық. Күнделікті өмірде де ол өзгерістерді көріп жүрміз.

Мәселен, алдыңғы жылдары басталған аулаларды абаттандыру жұмысы өткен 2018 жылы да жалғасын тапты. Қаншама жыл жөнделмей, тозып тұрған аулаларға асфальт төселді, жаңа бордюрлар қойылды. Бұл шыны керек бұрын-соңды болмаған, тіпті, көбіміз әбден үмітімізді үзген шаруа еді. Алайда, қала басшылығының шебер ұйымдастырушылығының арқасында аулаларымыз жаңарып қалды. Асфальт төсеу кезінде тұрғындарға қолайлылық туғызу үшін арнайы автотұрақ орындары ескеріліп, ауламызда жүріп-тұру жеңілдеді.

Коммуналдық саладан бөлек қаланың рухани өмірінде де серпін байқалады. Өз тарапымнан ендігі кезекте қала басшылығы туризмді дамытуға күш салса деймін. Елбасы Жолдауында да ішкі туризмді, оның ішінде мектеп туризмін дамыту міндеті қойылып отыр. Біздің аймақ тарихи орындарға, ескерткіштерге бай. Соларды насихаттауымыз керек. Ол үшін аталған ескерткіштерге апаратын жолдар, ол ескерткіштің айналасында туристерге қолайлы жағдай жасау жағын ойластыру қажет. Мамандармен ақылдаса отырып, бұл мәселенің де оң шешімін табатынына сенімім мол.

**Шәбден СҮЛЕЙМЕНОВ,**
**зейнеткер**

# КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНУДА

**Қала әкімі Қайрат Бегімовтің есептік кездесуінен соң Жезқазғанда болашақтағы жайлы тұрмысымыз бен қала халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған кешенді шаралардың жүзеге асып жатқанына тағы бір көз жеткіздім.**

Жұмыспен қамту, білім беру, денсаулық сақтау саласында жергілікті деңгейде жоспарланған қыруар жұмыс өз деңгейінде атқарылды. Жаңадан емдеу, диагностикалық орталықтары ашылып, қала тұрғындарына қолайлы жағдай туәда. Бірқатар әлеуметтік нысандар, мектептер жөндеуден өтті. Бұл да – халыққа деген жанашырлықтың көрінісі.

Былтырғы жылдың соңында Сәтбаев көшесінде көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, үй кезегінде тұрғандарға берілді. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» бағдарламасымен де жаңа пәтерлер берілуде. Биыл тағы үйлер салынатынын естіп жатырмыз. Осылайша көптен бері елдің көңілін күпті еткен баспана мәселесі шешіліп келеді.

**Гүлжазира АКУБАЕВА,**
**Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті тәрбие бөлімінің басшысы**

# КӨП ТҮЙТКІЛДІҢ ТҮЙІНІ ШЕШІЛДІ

**Соңғы жылдары қала аумағында атқарылған жұмыстарға қарап, осылай айтуға толық негіз бар.**

Ең алдымен қалада жылу, су құбырларын жаңарту бойынша іргелі жұмыстар атқарылып жатқанын атап өту керек. Бұл жұмыстар биыл да жалғасатынын қала әкімінің халық алдындағы есебінде естідік. Атап айтқанда, 2019 жылы қалаішілік су құбырлары желілерін жөндеу жұмыстары басталады. Сондай-ақ, кәріз тазалау ғимаратын қайта құру және жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеу аяқталады. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында «Жезқазған қаласының жылу желілерін қайта құрылымдау мен жаңғырту, 1-кезек» жобасын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 2018 жылы 392,8 млн теңге, биыл 2,9 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта жоба сараптамадан өтуде.

Бұл жұмыстар ең алдымен тұрғындарға жайлы тұрмысты қамтамасыз етуге жол ашады. Қалада шын мәнінде жаңғырту шаралары қолға алынғанын айғақтайды.

Сонымен бірге, әкім есебінде Жезқазған-Сәтбаев арасындағы жолдағы көлік апаттарын азайту мақсатында биыл аталған автокөлік жолының 11-22 шақырымында жол бойындағы жарық бағаналарын энергия үнемдеуші шырақтарға ауыстыру, асфальт бетон жабындысы ауыстырылатыны, сонымен бірге, жол ортасына бейнебақылау камералары мен көліктің қарсы бағытқа шығып кетуіне тосқауыл болатын қоршаулар қойылатыны айтылды.

Есептік кездесуде басқа да жағымды жаңалықтарды естіп, жергілікті билік жұмысына қала жұртшылығының оң баға бергеніне куә болдық.

**Хансейіт БӨЛЕН,**
**«Жез-Тағылым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы**

# ЖАСТАРДЫҢ СЕНІМІН НЫҒАЙТТЫ

**Шыны керек бұрын Жезқазғанның келешегіне қатысты үміттен гөрі, күдік басым еді. Жастар да реті келсе орталық қалаларға қарай кетіп қалуды ойлайтын. Соңғы жылдары жағдай оңала бастады.**

Оған себеп те жоқ емес. Қалада жаңа кәсіпорындар, соған сай жұмыс орындары ашылып жатыр. Енді қала жастары тек «Қазақмыс» корпорациясының өндіріс орындарын ғана жағаламай, «Ұлытау-нан» зауыты, «Қазтехфильтр» ЖШС, «Жалтырбұлақ» АҚ сияқты кәсіпорындарға жұмысқа орналасуда. Тіпті, басқа қалалардан, аудандардан келіп, жұмыс істеп жүрген жастарды байқап жүрмін.

Сонымен бірге, қала басшылығы көшелерді көріктендіру, алаңдар мен саябақтарды абаттандыруға мән беріп жатыр. Жақында «Жастар» саябағы толықтай жаңартылып, қала тұрғындарының игілігіне берілмек. Ғарышкерлер бульвары да көріктене түспек.

Биылғы жыл Елбасы тапсырмасымен Жастар жылы болып жарияланды. Осы мерейлі жыл қарсаңында қала жастарының сенімін нығайтқан жұмыстар аз болмады. Биыл да қыруар жұмыс жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта жастарға ең алдымен сапалы білім мен лайықты жұмыс орны маңызды болып отыр. Құдайға шүкір, қаламызда сапалы білім беретін оқу орындары жеткілікті. Жаңадан ашылатын өндіріс орындары, спорт сарайы, дарынды балалар мектебі сынды білім, спорт нысандары жас мамандарды жұмыспен қамтуға оң ықпал етері сөзсіз.

**Аружан ОРАЛБАЙ,**
**студент**

МӘЛІМ-БЕЙМӘЛІМ

**Алаш қозғалысының жетекшісі, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның ұлы Үгедейдің осыдан 89 жыл бұрын Жезқазған жеріне табаны тиіп, еңбек жолын Қарсақбай мыс комбинатында бастағанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Кейбір жазбаларда Үкітай немесе Өкітай деп те аталып жүр. Құжат бойынша оның аты-жөні Сергей Александрович Бөкейханов екен. Асылдың ұрпағының Жезқазған өңіріне келуіне қазақтың айтулы геологы, академик Қаныш Сәтбаев себепкер болған көрінеді.**

# ҮГЕДЕЙ... СЕРГЕЙ БӨКЕЙХАНОВ

Бұл жөніндегі деректер осыдан үш-төрт жылдай бұрын менің қолыма Сәтбаев қаласының архив қызметкерлері ұсынған құжаттар арқылы түскен болатын. Тың дерек ретінде сол кезде жарияламақ та болғам. Бірақ, осы тұрғыда басқа да жазылған дүниелердің бар екенін байқаған соң тоқтаған едім. Енді қарап отырсам, кейбір деректердің ала-құла екені байқалады. Мәселен, Әлихан Бөкейхановтың қызы Елизавета 1903 жылы, ұлы Өкітай 1910 жылы туған, тіпті 1904 жылы өмірге келген деген деректерді де кездестірдім. Ал, мен архивтен алған құжатта Сергей (Үгедей) Әлиханұлы 1905 жылы Омбыда туған, 1929 жылы Мәскеу тау-кен академиясын инженер-геолог мамандығы бойынша бітірген дейді. Бұл қисынға келеді. Өйткені, Қаныш Сәтбаев 1929 жылы 25 желтоқсанда Мәскеуден зайыбы Таисия Алексеевнаға жолдаған хатында: «Сергей (Үгедей) Бөкейхановты Қарсақбайға баруға біржола көндірген сияқтымын» – деп жазады. Бұл — Қаныш Имантайұлының Жезқазғанда кен барлауды кеңінен жүргізуге қам жасап, жер-жерден инженер-техниктерді, бұрғылау мамандарын іздеген қысылтаяң кезі еді. Сергей Бөкейханов 1930 жылдың басында Ұлытау өңіріне келіп, Қарсақбай комбинатының геологиялық бөлімінде аудандық геолог болып жұмысқа кіріседі. Жезқазғандықтар оны Ақтай деп атапты. Жас геолог Қанекеңмен бірге 1935 жылға дейін геологиялық барлаумен айналысып, өз міндетін тиянақты атқарады. Кен қабаттарын ашып, игеруге байланысты зерттеу еңбектерін жазады.

КСРО Ғылым Академиясының Үлкен Алтай және Үлкен Жезқазған проблемаларын талқылауға арналған 1934 жылдың 10-15 қарашасында Мәскеуде өткен ғылыми кеңесінің сессиясында белгілі ғалымдардың қатарында Қаныш Сәтбаевтан кейін Сергей Бөкейханов та бес түрлі тақырып бойынша баяндама жасайды. Оның «Структурные и рудные районы Джезказгана» деп аталатын 39 беттік мақаласы 1935 жылы Мәскеуден шыққан «Большой Джезказган» деген ғылыми зерттеу кітабына енгізілген-тін. Үгедей 1935 жылдан кейін Ресейдің Орал атырабындағы Блява мыс өндірісінде еңбек етеді. Өмірінің кейінгі жылдары туралы дерек аз. Оның бір себебі, арнайы тапсырмамен ол кездері жабық әрі мемлекеттік құпия



болып саналатын уран кеніштерін ашып, өндірісін басқарған. Соңғы жұмыс орны — Хакас автономиялық облысының Сор қаласындағы геологиялық барлау экспедициясының бас инженері. Мыс және уран кендерінің сипаты мен ерекшеліктері туралы бірнеше ғылыми еңбектер жариялаған. Ол 1957 жылы жұмбақ жағдайда өмірден өтіпті.

Ал, енді осы айтулы тұлғалардың артында ұрпақ қалды ма? Осы сауалдың дерегін белгілі мәдениет қайраткері, алаштанушы Қайырбек Сәдуақасов ағамыздан сұрастырған едім. Оның да өзіндік себебі бар. Қайрекең Жезқазғанда қызмет атқарып жүрген кезінде Әлихан Бөкейханның немересін шақыртып, Ұлытауды аралатыпты дегенді естігенім бар. Оның үстіне Қайырбек ағаның зайыбы Аман жеңгей Әлихан Бөкейханмен ағайындас адамдардың қызы болатын. Үгедей (Сергейдің) баласы Евгений бүгінде 81-ге қарады, Мәскеуде тұрады. Техника ғылымдарының кандидаты, ақындық қасиеті бар дейді. Алаш көсемі Әлекеңнің ата тегі Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы екенін ел білсе керек. Евгений мен оның баласы Петр 1992 жылы аталары Әлихан Бөкейхановтың 125 жылдығына байланысты Ақтоғайда ұйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік конференция мен мерекелік шараларға қатысуға келіпті. Қайрекең сол жолы оларды аралатып Ұлытауға әкеледі, ұлы бабалары Жошыхан, Алашахан кесенелерінің басына тағзым жасатады. Сол жолғы әсерден туған Евгений Бөкейхановтың «Жошы хан туралы» өлеңі баспадан шыққан «Свидание со степью» атты жинағына енгізіліпті. Жақсыдан қалған тұяқ қазір сексеннен асып, шау тартқанмен өлең жазудан қалмаса керек. Әлекеңнің қызы Елизавета туралы да Қайрекеңнен сұраған едім. Оның ұлттың туын көтерген мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шыққаны белгілі. Голощекиннің «Кіші октябрін» қолдамай, кеңес өкіметінің қазаққа жасаған қиянатына қарсы шыққаны үшін елден аластатылған Смағұл 33 жыл ғана өмір сүрген еді. Ұрпақ қалды ма деген ой ғой сұрап жатқанымыз. Ескендір деген ұл баласы болған екен. «Екінші дүниежүзілік соғыста еріктілер қатарында майданға аттанып, содан хабарсыз кеткен» дейді Қайрекең. Ал, әкесімен бірге атасының туған топырағына алғаш рет табаны тиген Петр 1970 жылы туған. Мәскеудің энергетика институтын бітірген соң ішкі істер органында қызмет істеген, милиция подполковнигі. Заң ғылымдарының кандидаты, «Курская битва» деген көлемді трилогияның авторы.

Міне, халқымыздың айтулы қайраткері Әлекең ұрпақтарының ғұмыр жолдарының белгілі жай-ларының кейбір бел-гісіз тұстары осындай. Айтпақшы, алаштану жолында айтарлықтай еңбек жасап жүрген Қ.Сәдуақасовтың өткен жылы баспадан «Әлихан әлемі» атты кітабы шыққан көрінеді.

**Амандық РАХҰЛЫ**

*Суретте:* **Сергей Бөкейханов пен баласы Евгений**

ҚАЛА ҚҰРДАСЫ

# ҚҰТТЫ МЕКЕННІҢ ЖАНАШЫРЫ

**65 жыл. Біреуге – көп, біреуге – аз. Осыншама уақытты кері айналдырсақ 1954 жылы 20 желтоқсанда Жезқазған қала атанды. Дәл осы күні кенді өлкеде қаланың талай құрдасы дүниеге келді. Соның бірі – Зүбәйра Әбжәлелқызы НАРБАЕВА.**

Жезқазған – түрлі ұлт пен ұлыстың басын қосқан көпшіл қала. Мысты шаһармен тағдырлас болып, өмірін мәңгі байланыстырған жандардың бар екенін білудің өзі бір бақыт қой. Киелі Арқа жерінде шаһармен бірге дүние есігін ашқандар бүгінде алпыстың асқарына шыққан ақ сақалды ата мен ақ жаулықты әжелер. Бірақ, Зүбәйра Әбжәлелқызын «әже» деп айту қиын. Егер оның жасын білмегенде, сыр-сымбатына қарап орта жастағы әйел дер едім. Көңілі жас біздің кейіпкер бүгінде немере тәрбиелеп отырған ардақты әжелердің қатарында.

Қос мерекені атап өткелі отырған Зүбәйра Нарбаева 1976 жылы медициналық училищені бітіргеннен кейін Жезқазған елді мекенінде медбибі болып қызмет атқарды. Мамандықтың асылын таңдаған ол талай көмек сұрап келген адамның жанынан табылып, алғашқы жедел жәрдемін берді. Осында жүріп болашақ жары Бақытжан Төлегеновпен танысты. Сол сәттегі кездесу үлкен сезімге ұласып, отбасы құру деген жауапты іске апарарын кім білген?!

Осылайша уақыт ағымымен туған қаласы Жезқазғанға қайта оралғаннан кейін Зүбәйра Әбжәлелқызы басқа қызметке ауысуына тура келді. Ол кезде таңдауға мүмкіндік жоқ. Ақ халатын тастап, №4 және №5 үй басқармасында іс жүргізуші болып қызмет атқарды. Бұл жұмыс орнында талай жыл еңбек етіп, көпшіліктің алғысына бөленді. Осылайша мысты шаһардың өмірлі болып, көркеюіне өзіндік үлесін қосты қала құрдасы.

Жары Бақытжан аға да – өмір бойы адал еңбек еткен жандардың бірі. Ол ұзақ жылдар бойы Жезқазған шахталарында жемісті жұмыс жасап, шәкірт тәрбиелеген құрметті кенші. Бүгінде бейнеттің зейнетін көруде. Зүбәйра апа екеуі еңбек ұжымында лайықты құрметке бөленген жандар. Өзінен де, өзгеден де адалдықты талап ететін олар туған-туыс пен жора-жолдастарына сол сиреп бара жатқан қасиетпен қадірлі.

«Бала адамның бауыр еті, көз нұры» демекші, Бақытжан аға мен Зүбәйра апаның ұрпағын көбейтіп, ізін жалғайтын үш баласы бар. Олар Гүлдана, Ардақ және Талғат есімді қыз-ұлдарын «біреудің ала жібін аттама» деп тәрбиелеген. Зейнеттегі ата мен әже балаларынан тараған алты немеренің қызығын қызықтап, қылықтарына сүйсініп отырған жайы бар.



Қала құрдасы болғанын мақтан тұтатын Зүбәйра Нарбаева мысты шаһар күннен күнге көркейіп келетінін алға тартады. Сондай-ақ, қала жастарына барынша жағдай жасалса деген тілек-өтініші де бар. «Бүгінде жоғары оқу орындарын бітіріп келген жас мамандарға жұмысқа орналасып, баспаналы болу өте қиын болып тұр. Жастардың туған жеріне қызмет етуіне жағдай жасауымыз қажет», – деп қынжылды кейіпкеріміз. Туған өлкесінің болашағын ойлайтын жанашыр адам осындай болса керек...

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# *Жезқазған шаһарының жылнамасы*

### *1961 жыл*

• 8 ақпанда еңбекшілер депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің №441 шешімімен №1 балабақшада 12 сағат жұмыс істейтін топ ашылды.

• 9 маусымда Жезқазған кенішінің директоры М.Бөпежановқа және кенші Л.П. Тузовқа Социалистік Еңбек ері атағы берілді.

• 14 маусымда фельдшер мен медбике бөлімдері бар Жезқазған медициналық училищесі ашылды. Училищенің алғашқы директоры ҚазССР Денсаулық сақтау ісінің үздігі Ө.Мұқанов болды.

• 9 тамызда еңбекшілер депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің №163 шешімімен медициналық училищеге қаланың 6 шағынауданындағы №7 жатақхананың ғимараты берілді.

• 16 қазанда еңбекшілер депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің №225 шешімімен «Жас техниктер» орталығы ашылды.

• 26 қазанда еңбекшілер депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің №242 шешімімен Жезқазған қаласына «Орман мен бақ достары» атты қоғамдық ұйым құрылды.

• 9 қарашада еңбекшілер депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің №246 шешімімен №8 қазақ мектебінде қосымша 6 сынып ашылды.

• 15 қарашада Жезқазған қаласының су қойма стансасы аумағында спорттық кемелерді сақтайтын эллинг салынды.

• 24 қарашада Жезқазған қалалық кітапханаға М. Әуезовтің есімі берілді.

• «Металлург» стадионы спорттық іс-шаралар өткізетін, типтік үлгіде салынған ғимарат, Жезқазған кен-металлургия комбинатының әлеуметтік нысаны ретінде пайдалануға берілді.

• №13 қазақ-орыс орта мектебі ашылды. Мектептің бірінші директоры болып И.Жуган тағайындалды.

• Техникалық мамандардың сұранысына байланысты Жезқазған қаласында Қарағанды политехникалық институты жалпытехникалық факультетінің кешкі оқу бөлімі ашылды.

• Жезқазған ет комбинатының қарамағындағы №1 балабақша (қазіргі «Айналайын»), №8 «Тополек» (қазіргі Айсұлу), №4 балабақшалар құрылды.

• Т. Сәтбаева мен Е. Поплавко рений мен мыстың сульфиді, жезказганит минералын алғаш тауып, толық құрамын және құрылымын анықтады.

• Көктемде Жезқазғанда Қазақ КСР Геология және жер байлығын қорғау министрлігі, Жезқазған кен байыту, Қарағанды халық шаруашылығы кеңесі және Жезқазған кен байыту комбинатының бірлескен көшпелі ғылыми сессиясы өткізілді.

• Кеңгір су қоймасының бөген жүйесі



кеңейтіліп, су көлемі 319 млн м³-ке жеткізілді.

• Қалада нан және сүт комбинаттары жұмыс істей бастады.

• Жезқазған тау-кен техникалық институтының «Құрылыс өндірісі» кафедрасы құрылды.

• Қаланың Абай көшесінен басталып Деев көшесіне дейін созылып жатқан Сталин көшесі еңбекшілер депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің 15 қарашадағы №265 шешімімен Бейбітшілік даңғылы болып өзгертілді.

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ХАБАРЛАЙДЫ

**Өзгерістер енгізілуіне байланысты Жезқазған қалалық мәслихатының «Saryarqa» газетінде 2019 жылғы 1 ақпанда (№4 (8118) жарияланған Жезқазған қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін таңдау бойынша конкурс өткізу туралы хабарлама жарамсыз деп танылсын.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Жезқазған қалалық мәслихаты Жезқазған қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды. Жұмыс тобының сандық құрамы – 7 адам, оның 2-і – мемлекеттік органның өкілдері, 5-і – коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар.

Конкурс коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар қатарынан өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін:

1) үлгі бойынша өтініш (үлгі қалалық мәслихаттың сайтында: maslihat.zhezkazgan.gov.kz ).

2) Жұмыс тобының мүшелігіне кандидатура (болған жағдайда) ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы;

3) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі ұсынылады.

Кандидаттың сотталғандығы болмауы, психикалық ауруға, нашақорлыққа байланысты есепте тұрмауы тиіс.

Жұмыс тобына кандидатуралар бойынша ұсынысты 2019 жылдың 22 ақпанына (қоса алғанда) дейін мына мекенжайға жолдауларыңызды сұраймыз: **100602 Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, «Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты» ММ, 10-қабат.**

**Электрондық мекенжай: zhezmaslih@mail.ru**

**Байланыс телефоны: 8/7102/711323**

## Қадағалаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Жезқазған қалалық мәслихаты Жезқазған қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырысына қатысу үшін коммерциялық емес ұйымдар өкілдері және бұқаралық ақпарат құралдары қатарынан 3 адамнан тұратын қадағалаушылар тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілетінін хабарлайды.

Тілек білдірушілер үлгі бойынша өтініштерін (үлгі қалалық мәслихаттың сайтында: maslihat.zhezkazgan.gov.kz) 2019 жылдың 22 ақпанына (қоса алғанда) дейін мына мекенжайға: 100602 Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, «Жезқазған қалалық мәслихатының аппараты» ММ, 10-қабат.

**Электрондық мекен-жай:zhezmaslih@mail.ru**

**Байланыс телефоны: 8/7102/711323**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

**«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыз. Мәңгілік елдің болашағы – жастар екендігі баршамызға мәлім. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әрбір жолдауы мен мақаласында жастар жайлы сөз қозғайды.**



# «ЖАСТАР ЖЫЛЫ» ЖАС БУЫНҒА НЕ БЕРМЕК?

Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында ұлттық біртектілік, бірлік жайында сөз қозғаса, «Рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық бірегейлікті алға тартқан. Сөздің құрамы әртүрлі болса да, түбірі бір. Бізге ұлттың мүддесіне келгенде бірлік, ынтымақты сақтау керектігін жеткізген. Біз біріксек алынбайтын қамал жоқ екендігін ұмытпаған жөн. Елдің кемел болашағы – жастардың қолында. Біз өз тарапымыздан рухани жаңғыру мақсатында еліміздің , мемлекетіміздің дамуына үлес қосуға міндеттіміз. Мемлекет басшысы бұл мақалада жастардың жаңа инновацияға бейімделуі, жас отбасылардың тұрмыс-тіршілігі жайлы мәселелерге кеңінен тоқталған. Жаңа технологияны үйрену, жаңаша ойлау, жаңа идея – міне, рухани жаңғыру. Бұл бағдарлама жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үдерістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек.

Рухани жаңғыру төңірегінде жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы да жастарға жолданған. Ертеңгі елдің болашағы өз тарихы мен салт-дәстүрін, ұлттық құндылығын жоғалтпауы тиіс. Тарихын білмеген өскелең ұрпақ болашағына да дұрыс мақсат құра алмайды деп ойлаймыз. Өз елін әлемге таныту үшін әрбір жас азамат аянбай еңбек етуі тиіс. «Елім маған не береді?» деп емес «Мен еліме не беремін?» деп ойлануымыз қажет. Осы уақытқа дейін алған біліміміз бен рухани азығымызды оңынан қайтаратын уақыт келді деп білеміз. Себебі, біз – мәңгілік елдің – тәуелсіз ұрпақтарымыз!

Елбасының 2018 жылдың 5 қазанында жарияланған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы халық тарапынан өзгеше қолдауға ие болғаны сөзсіз. Себебі бұл жолғы көтерілген мәселелер де Қазақстанда өмір сүріп жатқан азаматтардың қарапайым өз ауласында спортпен шұғылдануынан бастап қауіпсіздігіне дейінгі сұрақтарды қамтыды. Бюджеттік қызметкерлер мен ұстаздарымызға арналған бастамалар бүгінгі қоғамға қажетті өзгерістердің бірі де бірегейі, бұл тапсырмаларды Елбасы жеке назарына алды. «Табысыңның өскенін қаласаң, еңбекқор болуың қажет!» деп, Елбасының дәйексөзін келтіргіміз келеді. Себебі, ұлт арасында еңбекқорлықты дәріптеу маңызды. Қоғамның әр азаматы өз жұмысын еліміздің дамуына апарар маңызды істің бөлігі деп білсе, зайырлы мемлекет ретінде көздеген мақсаттарымыз алыс емес. Елбасының халыққа Жолдауы – тәлімгердің оқушыға деген ақылы, жаттықтырушының спортшыға деген бағыты, әкенің баласына өсиеті. Яғни, қазақстандықтардың әл-ауқатының өсу алгоритмі жолдауда анық көрсетілген, бастысы – оны дұрыс орындау. Еске сала кетсек, бұл Жолдаудың барысында Президентіміздің жарлығымен 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланған болатын. Жастар жылы – Қазақстан үшін алғаш рет бастау алған бірегей және кең ауқымды оқиға. Мұның өзінен-ақ бізге берілген көптеген мүмкіндіктерді байқауға болады. Бұл мүмкіндіктер өз болашағымыз бен ел болашағына тікелей байланысты. Өз болашағымызды жоспарлай отырып, ел болашағын қалыптастырамыз. Болашақ деген сөзді естігенде ең бірінші ойға келетіні – арман, мақсат, жоспар. Елбасымыз Жастар жылының салтанатты ашылуында былай деген болатын «Бұл – мемлекет тарапынан өскелең ұрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам. Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз» Сол себепті арманымыз айқын болса, мақсатымыз мықты, жоспарымыз жалынды болмақ. Жастар жылында әрбір жалынды жас бар күш-жігерін салып аянбай жұмыс жасаса, бостандығымыз үшін күрескен ата-бабамыздың бізге артқан үлкен сенімі мен үміті ақталмақ деп сенеміз.

Қазір әлем қарқынды түрде дамып келеді. Осыған байланысты Елбасы жаңа технологиялар, роботтандыру және автоматтандырудың еңбек ресурстары мен адам капиталы сапасына қатысты талаптарды күрделендіріп отырғанын атап айтты. Сондықтан әр маман иесі өз саласындағы жетістіктерді саралап, заман талабына сай, жаңа инновацияны жетік меңгеріп жүруі тиіс. Жыл сайын жаңа дүниелер өмірімізге енуде. Смартфонның жаңа түрлері, түрлі технологиялар, тағысын тағы. Бірнеше жылға алға озған елдермен қатар өмір сүруіміз үшін Елбасымыз әрдайым айтатындай «Бәсекеге қабілетті» болу керекпіз. Бәсекеге қабілетті болу – еліміздің алға жылжуына зор үлесін қосатын шешуші факторлардың бірі болып табылады.

Жастар жылы біз үшін түрлі форумдар, фестиваль мен ойын-сауықтар ғана емес, қазақ елінің болашағына, мәңгілігіне біршама пайда әкелетін істерді бастаудың алғышарты деп білеміз. Осы жылы күш-жігеріміз бен жаңа идеямызды жаңғыртамыз деген мақсатпен аянбай еңбек етуге дайынбыз. Біз жастар қарқынды даму мен бәсекелікке қабілеті бола алсақ еліміз ең озық дамыған 30 елдің қатарына кіретініне сенімдіміз. Қазақта « Жас келсе-іске» деген сөз бар. Ел болашағын жастарға тапсыруының мәні де осында. Жастар жылы – жастарға арналуы керек. Сондықтан 2019 жыл жастардың нақты түйткілдерін шешетін жыл болғай.

Елбасының жастарды ерекше атап өтуі, жастардың бойында жауапкершілікті арттырады. Жауапкершілікті алу — діттеген мақсатқа қол жеткізу үшін бәріне де дайын болу дегенді білдіреді. Жастарға артылған сенім мен жаңа мүмкіндіктер үшін алғыс білдіреміз!

Биыл Қарағанды жастары «Қолдау. Сенім. Мүмкіндік» атты ұранмен «Жастар жылында» көптеген іс-шаралар мен түрлі жобаларды іске асырмақ ниетте. Өңірде 140-тан астам әлеуметтік маңызы бар шаралардың өтетіні мәлім болды. Аймағымызда «Жастар» сарайының ашылуы да биылғы жылдың еншісінде. Қазіргі уақытта аймағымыздың әрбір бесінші азаматы жас болса, олардың үшеуі облыс халқының 21 пайызын құрап отыр. Баспана мәселесінің де жастар үшін маңызы зор. Осы мақсаттағы кешенді жоспар аясында 152 пәтер берілген. Ал, 2 жылда 21 мың жастың еңбекпен қамтылғанын ескерсек, мемлекеттің әрбір бағдарламасынан жастардың қалыс қалып жатпағанын аңғаруға болады. Жастарға арналған қоғамдық шаралар және әлеуметтік маңызды жобалар саны артып келеді. Ағымдағы жыл басынан бері өңірде 5 жұмыспен қамту орталығы ашылған. Жастарды мерзімді жұмыспен қамту мақсатында «Жасыл ел» жасағына 1500 жас еңбекпен қамтылған. Ал, село кәсіпкерлігін жетілдіру жолында соңғы 13 жылда 43 миллион теңгенің 178 гранты табысталған. Алдағы уақытта 250 адамды жастар тәжірибесі арқылы оқытып, қаржылай қолдау жоспары тұр. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы шалғайдағы селолар да жас мамандармен толығуда. Былтырғы жылы 338 жас білім, денсаулық, агросалада қызмет етуге округтік елді-мекендерге барыпты. Мұның барлығы бізді, яғни жаңа буынды қуантпай қоймайды. Әрине, студенттердің де болашаққа деген сенімі нығая түспек. Қоғамның даму үдерісін ілгерілетудің жетекші күші жастар екендігі ақиқат дүние. Жолдауда жоғары оқу орындарына мамандық алып шыққан жастардың өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрып, елімізге қызмет ету мәселесі қоғамның даму тенденциясын анықтайтын фактор екендігіне зор мағына берілген. Оқу бітіруші түлектердің мамандықтарына сәйкес жұмыс істеуінің әлеуметтік-экономикалық астары түптеп келгенде еліміздің даму индексін анықтайды. Білікті маман шығару және оны жұмыспен қамтамасыз ету білім беруші және жұмыс ұсынушы мекемелер арасындағы бар байланысқа жаңаша сипат беретін болады. Экономикалық аспектіде еліміздің өркендеп даму стратегиясы жүзеге асатын болса, ал әлеуметтік тұрғыда жас маманның жақсы өмір сүру қағидаттары орындалатын болады. Кәсіби шеберлігі шыңдалған маман қоғамымыздың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Елбасының Жолдауы жоғары оқу орны саласында қызмет ететін педагогтарға тың серпіліс әкеліп, жаңа форматта маман даярлау және оның жұмысқа қабылдану траекториясын айқындаудағы басты бағдарымыз деп көрсеткен болатын.

Біз, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің белсенді жастары, «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері тек университеттің ғана емес, қала мен облыстың, тіпті республикалық деңгейде еліміздің дамуына белсенді ықпал етіп келеміз деп нық сеніммен айта аламыз! Осы уақытқа дейін біз көптеген маңызды саяси, спорттық, қоғамдық іс-шараларына қатысып, қайырымдылықпен айналысып жүрміз. Қарағанды мемлекеттік университетінің жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты бөлімшесінің негізгі мақсаты – мемлекетіміздің бағдарламалық мақсаттарын және міндеттерін іске асыру болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы жастарының жан-жақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жағдайлар жасау, оның рухани-адамгершілік, интеллектуалдық және физикалық әлеуетін, әлеуметтік мәртебесі мен экономикалық жағдайын, саяси, құқықтық, экологиялық және рухани мәдениетін арттыру бөлімшеміздің басты міндеттері. «Жас Отан» ЖҚ — «НұрОтан» партиясының белсенді жолсерігі, елдегі жастардың жағдайын жақсарту және оны мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешуге жұмылдыру бойынша практикалық қадамдарды іске асыру орталығы. Сондай-ақ, біздің бөлімшеміз университетіміздің студенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерін шешу үшін қажетті жағдайларды қалыптастыруға, азаматтық, мәдени, ғылыми, білім беру, басқарушылық және әлеуметтік бастамаларды іске асыруға, жастарды мәдени, ғылыми, экономикалық, спорттық және білім беру іс-шараларына тарту және ұйымдастыруға белсенді түрде қатысады. Біздің белсенділер жастардың қарым-қатынасы және тәжірибе алмасуы үшін жағдай жасау, өзара қолдауды дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізуге бағытталған студенттерді біріктіруші күш болып табылады. Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ «Жас Отан» ЖҚ бөлімшесі 2016 жылы республикалық байқауда «Жоғары оқу орны жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының үздік бөлімшесі» номинациясы бойынша жеңіске жеткенін айта кету керек.

Қорытындылай келе, жастар жылы кейбір айтулы даталар сияқты ұрандатып, желеулетіп өткізетін жыл емес. Түрлі форумдар мен конференция, флешмоб мерекелерінің берері қаншалықты? «Жастар жылы дегенді қалай түсінеміз, оның мақсаты не, не жасалуы керек, жастардың бүгінгі бетпе-бет келіп отырған мәселесі қандай?» деген сұрақтар бойынша терең зерттеу жүргізіп, оны саралап, нақты істелу керек жұмыстардың тізімін жасауымыз керек. Дәлірегінде, қоғамның маңызды бөлігін құрайтын жастарға кең мүмкіндік берілуі тиіс. Сондықтан да нақты ұсыныстар қабылданып, жастардың жан-жақты көмекке ие болуын қамтамасыз еткен жөн. Әсіресе, жастар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендетуге байланысты іс-шаралар қолға алынып, нақты нәтижеге қол жеткізуін қадағаласақ құба-құп. Бүгінде 35 жасқа дейінгі жастардың көбінің басында не баспанасы, не тұрақты жұмысы жоқ. Ауылдан қалаға жұмыс іздеп келген кейбір жастардың тауы шағылып, түрлі қылмыстық әрекеттерге бой алдырып жататыны да жасырын емес. Көшедегі ұрлық-қарлық, кісі тонау оқиғалары да ара-тұра жұмыссыз жастардың қолымен жасалуда. Олардың бос сенделіп жүрмеуі үшін мемлекет тиімді бағдарлама қабылдап, соның аясында жұмыс істеген абзал. Мәселен, жас мамандардың, жас отбасылардың баспаналы болуын тездететін тетіктерді қайта қарап, жеңілдік қарастырылса, артықтық етпейді. Себебі демографиялық ахуалға серпін беретін де – жастар. Жас отбасылар өз баспанасына ие болмайынша бала туу санын тежей беретіні айтпаса да түсінікті.

Жастарға әлеуметтік қолдау көрсету әрбір жас буынға серпіліс берді. Олардың білім алып, білікті маман атануына жағдай жасау мәселесі де сөз болды. Білімді ұрпақтың негізі – мектепте қаланады. Сондықтан барлық білім ұяларында Назарбаев зияткерлік мектебінің оқу бағдарламасын енгізу керектігі бекер айтылған жоқ. Сол кезде ғана жастар ғылымға бет бұрып, өздігінен салалық ғылымды дамытуға қызығады. Ең бастысы, қазіргі таңда қабылданып жатқан барлық заңдарды, қолдауларды, жеңілдіктерді дұрыс пайдаланып, терең түсіне білген жөн.

Айта кетерлік жәйт, бүгінгі жастар креативті пікірге ие. Шыны керек, қазір жастар арасында соңғы инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жобалар ұсынып жүргендері баршылық. Түрлі жаңа технологияның игіліктерін біліп, көріп жүрген де солар. Инновациялық жобаларды халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатыстырып, арнайы грант ұтып алған жастар көп. Ал, оны ғылыми тұрғыда жүзеге асыруға қаржылық қолдау қажет. Демек, мемлекет тарапынан озық идеяларға, ұтымды жобаларға арнайы қаржы қарастырылып, жүзеге асуына мұрындық болған жөн. Онсыз білімді жастар шетел асып, басқа елдің атынан шығуы әбден мүмкін. Сол себептен ғылымды дамытамыз десек, әуелі инновациялық жобаларды мақұлдау қажет. Кез-келген өркениетті мемлекет өз жастарының алдында қашаннан қарыздар. Өйткені барша мемлекеттің болашағы – бүгінгі жастардың қолында. Ал, біз өз кезегінде еліміздің болашағы жарқын болуын үшін талмай еңбек етуге тырысамыз!

**Аслан КАБЕГЕНОВ,**
**Наргиз РАХИМГЕРЕЙ,**
**Мөлдір ЖАҚАН,**
**Қаракөз ТІЛЕУҒАБЫЛОВА,**
**Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері**

ЖезУ ТЫНЫСЫ

# УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ РЕЙТИНГІНДЕ ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ



Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 5 қазанында жариялаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауындағы «Тұрмыс сапасын арттыру» бөлімінің бесінші бағытында: «...Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы... Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс...» деген болатын. Осы бағыттағы нәтижелі жұмыс ретінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бірлесе отырып жүргізетін Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингін атап өтуге болады. Рейтинг үш кезеңмен жүргізіледі және мынадай критерий бойынша бағаланады: жұмысқа орналастырылған түлектердің пайыздық көрсеткіші, олардың орташа еңбекақысы, бағдарламалардың өзектілігін бағалау, оқу орнын аяқтағандар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері мен жұмысқа орналасуы туралы деректер. Зерттеу қорытындысына сәйкес білім беру бағдарламаларын жаңарту, сондай-ақ, жоғары оқу орындарының жұмысқа орналастыруға бағыттылығын ескере отырып, жұмыс берушілердің болжамына сай рейтинг жыл сайын өткізіледі. Рейтинг нәтижелері мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру процесінде, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің басқару шараларын қабылдауда пайдаланылады.

2018 жылы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті аталған рейтингке алғаш рет қатысып, бакалавриат бойынша 21 мамандықтың білім беру бағдарламаларын ұсынды. Қазақстан бойынша 109 оқу орнынан 2000-нан астам білім беру бағдарламалары бағаланған рейтинг нәтижесі бойынша Жезқазған университетінің білім беру бағдарламалары төмендегідей орындарға ие болды:

| № | Мамандық (білім беру бағдарламалары) | Орын | Рейтингке қатысқан ЖОО саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 5B070900 – Металлургия | 2 | 11 |
| 2 | 5B071300 Көлік, көлік техникасы мен технологиясы | 3 | 30 |
| 3 | 5B072400 – Технологиялық машиналар және жабдықтар | 3 | 21 |
| 4 | 5B070700 – Тау-кен ісі | 3 | 10 |
| 5 | 5B071800 - Электр энергетикасы | 4 | 30 |
| 6 | 5B011700 Қазақ тілі мен әдебиеті | 7 | 51 |
| 7 | 5B060200 – Информатика | 7 | 33 |
| 8 | 5B070200 – Автоматтандыру және басқару | 7 | 26 |
| 9 | 5B010200 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 9 | 44 |
| 10 | 5B060700 Биология | 10 | 30 |
| 11 | 5B011900 - Шет тілі: екі шет тілі | 14 | 55 |
| 12 | 5B010100 — «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 16 | 30 |
| 13 | 5B010900 – Математика | 18 | 30 |
| 14 | 5B090100 – Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру | 21 | 31 |
| 15 | 5B060400 - Физика | 22 | 24 |
| 16 | 5B060900-География | 25 | 30 |
| 17 | 5B030100 - Юриспруденция \| | 26 | 64 |
| 18 | 5B072900 - Құрылыс | 28 | 35 |
| 19 | 5B050600 - Экономика | 29 | 77 |
| 20 | 5B010800 - Дене шынықтыру және спорт | 40 | 42 |
| 21 | 5B050900 - Қаржы | 46 | 81 |

Рейтинг нәтижесі бойынша Жезқазған университетінің білім бағдарламаларының басым бөлігі жоғары көрсеткіштерге ие болып, еңбек нарығының сұранысына сай мамандарды даярлау ісінде бәсекеге қабілетті екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ал бұл өз кезегінде Жезқазған университеті сияқты аймақтық ЖОО үшін айтарлықтай жетістік, яғни университеттің профессор-оқытушылар құрамының атқарған жұмыстарына берілген лайықты баға және келешегіне сенімді серпін болды.

Жалпы білім беру деңгейі экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең негізгі көр¬сеткіші екені белгілі. Ол – мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Білім берудегі артта қалушылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына ықпалын тигізеді. Сондықтан Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында жастарды сапалы біліммен, тұрақты жұмыспен және жоғары жалақымен қамтамасыз етуге ерекше басымдық беруде. Осы үш көрсеткіш Қазақстанның жоғары оқу орындары мән беруі тиіс маңызды міндет болуы қажет.

**Әбділмәлік ТӘКІШЕВ,**
**Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор**

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен еліміздің жастарына ерекше көңіл бөлініп, қамқорлық жасалып келеді. Биылғы жылды жастар жылы деп жариялау – соның бір жарқын көрінісі. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біздің еліміз жастарды барлық салаларда, ең алдымен білім алу, кәсіпті игеру, жұмыс табуда өзін-өзі жүзеге асыру үшін көп мүмкіндіктер жасауға тырысуда. Енді бұл бағыттағы жұмыстар еселене түспек. Сонымен бірге, күні бүгінге дейін ел болашағына қолдау көрсету үшін қыруар шаруа қолға алынғанын да айта кету керек.**

# ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ОҢ ШЕШІМІН ТАБУДА



Қазақстан Республикасында 2015 жылдың 9 ақпанында №285 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы қабылданған болатын. Осы Заң аясында үкіметімізде жастарға арналған көптеген мемлекеттік бағдарламалар қабылданды және олар табысты жұмыс жасауда. Олардың арқасында бүгінде біздің еліміздегі жастар сапалы білім алып, жаңа мамандықтар меңгеріп, өз үйлеріне ие болып, жұмыс жасай бастайды. Жастарға шарапатын тигізген бағдарламалардың бірі әрі бірегейі – «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы десек артық атқандық емес.

Бұл бағдарлама жоғарғы оқу орнын тәмәмдаған немесе арнаулы орта білім алып шыққан жастар үшін таптырмас қолдау күші екенін дәлелдеді. Бағдарламаға қатысқан жастар алты ай көлемінде өздерінің теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыруға, сондай-ақ, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады. Қазіргі таңда тұрақты жұмысқа орналасу кезінде көптеген мекемелер еңбек өтілін қажет етеді. Бұл талап университет пен колледж қабырғасынан енді түлеген жас маман үшін айтарлықтай қиындық тудырады. Ал, жастар тәжірибесінен өткен болашақ мамандар үшін жұмысқа алушының талаптар үдесінен шығу оңайға соғады. Себебі, жастар тәжірибесінен өту кезеңі жұмыс өтілі ретінде есептеліп, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына көп септігін тигізеді. Аталған бағдарлама жыл сайын «Жезқазған қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ арқылы жүйелі ұйымдастырылады. 2018 жылы бағдарлама аясында 121 жас түлек өз мамандықтары бойынша қаламыздың көптеген мекемелері мен ұйымдарына жолдама алып, тәжірибе жинақтады. Соның ішінде 91 жас тұрақты жұмыспен қамтылды. Атап айтсақ, Әсет Абжанов, Сұлтанәлі Бегалы мен Едіге Ақайдаров «Марал Нұр» ЖШС жолсерік қызметіне, Айқын Әбен мен Мөлдір Жанділдә медициналық орталыққа мейірбике қызметіне алынды. Ал, Екатерина Когай мен Гүлмира Ержан «Әсия» тіс емханасына стоматолог-дантист лауазымына орналасты. Жезқазған қаласы бойынша жастар тәжірибесіне қатысушылардың жылдық жоспар 60 адамды құрап, жоспар 202% орындалды.

2019 жылды Жастар жылы деп атау да еліміздің жастарына деген сенімді күшейтіп, мемлекет тарапынан қолдау-қуаттаудың жан-жақты қарастырылады. Қай саланы алсаңыз да білімді де білікті жастарға деген сұраныс жоғары. Ағымдағы жылы да жұмыспен қамту мекемесі арқылы бағдарламалар өз жалғасын табатын болады. Біздің басты міндет жұмыссыз жастарды өз мамандықтары бойынша тұрақты жұмыспен қамтып, қайта даярлау курстарына жіберіп, мамандық алып шығуына көмектесу, сонымен қатар, бағдарлама арқылы белсенді шараларға қатыстыру болып табылады.

**Жарас ЕРШЕЕВ,**
**Жезқазған қаласы әкімдігі халықты жұмыспен қамту орталығының маманы**

## КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ

### *Зина АҚЫЛБЕКОВА, Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары:*

# АУҒАНДЫҚ ЖАУЫНГЕРЛЕР ҚАШАН ДА ЗОР ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Ауған соғысында қаза болған жезқазғандық жауынгер-интернационалистер Виктор Тарадай мен Асылбек Мамажановты еске алуға арналған бокстан жастар арасында республикалық ашық турнир бірнеше жыл қатарынан өткізіліп келеді. Биыл аталмыш турнир 28 қыркүйек пен 2 қазан аралығында 2001-2002 жылы туған жасөспірімдер арасында өтеді. А.Мамажанов пен В.Тарадайдың атына қалада көше бар екенін білесіздер.

Мерейлі датаға орай барлық ауғандық ардагерлеріміз 100 000 теңгеден сыйақы алады. Сыйақы жылда беріледі, бірақ биыл мерейлі датаға орай осындай көлемде қаражат бөлінді. Барлық ардагерлердің есепшотына 15 ақпанға дейін аударылады. Жезқазған қалалық әкімдігінің қаулысымен және жергілікті мәслихаттың шешімімен 2018 жылдан бастап ауғандық жауынгер-интернационалистер қалаішілік қоғамдық көліктерде тегін жүреді.

Сонымен қатар, жақында қалада «Жастар» бастамалары орталығы мен «Ауған соғысы ардагерлерінің» қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып «Айбын» әскери-патриоттық клубы ашылады. Клуб Жезқазған қаласындағы 14-18 жас аралығындағы жастарға әскери-патриоттық тәрбие беріп, оларды әскери қызметке, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайындау, Отанға, өз өлкесіне, ауылына, еліміздің тарихына деген сезімін қалыптастыру мақсатында құрылды. Арнайы штат бөлініп, ауғандық жауынгер-интернационалистердің бірнешеуі жұмыспен қамтылады.

***– Интернационалист-жауынгерлерге арналған ескерткішті қайта құрылымдау биылғы жоспарда бар ма?***

– Жоспарда бар. Ескерткіш аумағына көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, демеушілердің көмегімен Ауған жерінде қайтыс болған жерлестеріміздің аты қашалып жазылған тас қойылады. Ерлікке тағзым ету, батырларымызды ұмытпай ұлықтау, ардагерлерімізге құрмет көрсету – ұрпақтың парызы. Азаматтық парыздың ең үлкені – Отан қорғау. Қайсарлық пен төзімділік танытқан батырларымыздың арқасында бүгінгі ұрпақ бейбіт заманда күн кешуде. Жезқазғандық ауғандықтардың бірнешеуі «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерліктері үшін» медальдарымен, «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған. Сонымен қатар, олардың бірнешеуін жоғары марапаттарға ұсынып жатырмыз.

***– Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 20 жыл толғанда Жезқазған қалалық әкімдігі энциклопедиялық жинақ шығарған. Сол кітап жайлы айтып кетсеңіз?***

– 20 жылдыққа орай «Ауған оты шарпыған» атты жинақ шығардық. Кітапта 117 жезқазғандық жауынгер-интернационалист жайлы ақпарат жарияланды. Зиялы қауым өкілдерінің естеліктері мен өлеңдері, ауған соғысына қатысқандардың хаттары, суреттері жинаққа енді. Кітапты сол кезде ауғандық жауынгер-интернационалистерге, қайтыс болған ауғандық



батырлардың отбасыларына тарту еттік. Жинақты алып оқыған адам жерлестеріміздің жат жерде, соғыс ортасында жүріп жазған хаттарын оқи алады. Кітап кез келген оқырманды терең ойға жетелейтіні сөзсіз.

***– Жылдағы дәстүрмен жезқазғандықтар «Ауған соғысы ардагерлеріне арналған» ескерткіш маңында жиналады ғой?***

– 1989 жылдан бері 15 ақпан жылда елімізде Ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылған күні ретінде аталып өтіліп келеді. Біз де ескерткіш маңына жиналып, дүниеден өткен ауғандық жерлестерімізді еске аламыз. Содан кейін қаладағы үлкен мейрамханада ауғандық жауынгер-интернационалистердің басын қосып «Ауған асуында от кешкендер» атты мерекелік шара өткіземіз. Іс шарада ауғандықтарды облыс әкімінің, қала әкімінің «Құрмет» грамотасымен және 30 жылдыққа арнайы шығарылған медальдармен марапаттаймыз. Ауғанда азап шеккен арыстарымызға қандай құрмет көрсетсек те артық болмайды.

Жақында ауғандықтармен кездесіп, олардың осы айтулы дата жайлы ойларын сұрап, жалпы атқарылып жатқан жұмыстар, алдағы жоспарлар жайлы сөйлестім. Жезқазғандық ауғандық батырлардың бүгінде жағдайлары жақсы. Қандай да мерекелік іс-шараларда біз оларды ұмыт қалдырмаймыз.

Барлық жезқазғандықтарды, Ауған соғысының ардагерлері мен қаза болған жауынгер-интернационалистердің отбасыларын қанды қырғын ортасынан әскерлеріміздің шығарылғанына 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын. Олардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

**Гүлден ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ**

## ЗЕРДЕ

# ҰЛЫТАУДЫҢ ЖАСАМПАЗ ҚЫЗЫ ЕДІ

**Белгілі дәрігер, елдің анасы Күлзейнеп Исатаеваның өмірден озғанына 40 күн болып қалды. Кешегі еңселі бойын биік ұстап, мұсылмандықты ана сүтімен бойына сіңірген, қанмен келген емшілікті мұрат санап, талайларды жан-тән азабынан құтқарған, қуаныш, бақыт сыйлаған асыл тұлға арамызда жоқ. Біздің көз алдымызға сағым сияқты алыстап бара жатқан бейнесі келеді. Рухымен тілдесіп, сырласқым келеді.**



Осыдан екі жыл бұрын ақ әже, денсаулық сақтау саласының саңлағы К. Исатаева «Жылдар және жолдар» деген тақырыппен ғұмырнамалық баян кітабын шығарған еді. Жас шағынан елең еткізерлік жақсылардың сауапты ісін, ұжымдағы дәрігер әріптестерінің шарапаты мол қарекетін, дертіне дауа іздеп келген бейтаныс замандастарының түйткілді ойларын есіне жинай беріпті. Кітабымда ұлым Еркешпен сырласа отырып, өмірбаянымды сыр қылып тарқаттым дейді апамыз ағынан жарылып кіріспе бөлімде. Сүйген жары, өмірлік серігі Аққойшы, қызы Гүлдеш, Италияда аты әлемге аян өнер университетінде оқып жатқан немересі скрипкашы Шарипа жайлы әсерлі лебіздерін қызыға оқисың.

Өзі Қуат бабадан тараған Мұсағұлдың ұлы Жақсылық атаның баласы Исатайдың қызы. Елінде қадірлі болған Жақсылықтың қабіріне қызыл кірпіштен тұрғызылған күмбезді кесене сәулет өнерінің XIX ғасырдағы ескерткіші болып есептеледі. Әкесі Исатай қолы емсек, Ұлытау-Атбасар өңіріне белгілі сынықшы болған, көпшілік сөзіне ұйып, қасиетті әулие санаған.

Дәрігер Күлзейнептің өмір деректері өжет, ақылды, қиындықтан қорықпайтын қайсар қазақ қызы екенін көрсетті. Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары 14 жасар жасөспірім мектепті тастап, №31-32 шахта басқармасына техникалық есеп жүргізуші қызметіне қабылданды. Сол замандағы үлкендердің имандылығын қарашы! Аз уақытта арнаулы орта білімі бар техник атқаратын жұмысты 7-сыныпты ғана бітірген талаптыға бастан-аяқ үйретіп шықты. Өндірісте жұмыс істей жүріп, 1949 жылы жұмысшы жастар кешкі орта мектебін бітірген. 1957 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын тәмамдайды. Осы сәттен 1998 жылға дейін медицина саласында нәтижелі еңбек етті, арасындағы атқарған облыс орталығындағы жауапты басшылық қызметтері халықтың денсаулығын қорғаумен тығыз сабақтас еді, соңғы сегіз жыл «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамы денсаулық сақтау бөлімінің бастығы және медициналық орталықтың бас дәрігері болды.

Білімді, ізденімпаз, мамандықтың шынайы иесінің өрісі кең, шешімі ұтымды ғой. Дәрігерлік қызметтің алғашқы жылының өзінде Күлзейнеп Исатайқызы жұлынға функция жасау, сынық салу, диагноз қоюдағы табиғи ішкі ерекше талантымен көрінді. Жезқазған кентіндегі №3 аурухананың тізгінін қолға алғанда тиянақты істеген бір жаңалығы дәрігерлік-инженерлік бригадаларды ұйымдастырып, кеншілердің кәсіптік сырқаттарын азайтуға қол жеткізді. Өзі басқарып отырған аурухананың негізінде жаңадан құрылған Жезқазған облыстық ауруханасын құру жөнінде ұсыныс жасады, жасап қоймай, сол жобаны өз қолымен іске асырды. 1991 жылы облатком мәжілісінде Жезқазған қаласында кен-металлургия комбинатының ауруханасының құрылысын аяқтау жөнінде мәселе қаралғанда әлемдік медицинаның даму ағымына қарай шетелдік компаниялардың қатысуымен осы заманғы медициналық орталық салу жөнінде тұңғыш идея берген Күлзнейнеп Исатайқызы екенін ұмытқан жоқпыз.

Кеңес Одағының ең жоғары мемлекеттік марапаты Ленин ордені кеудесінде жарқыраған Күлзейнеп апамыз дәрігерлік борышына адал болды. Сырқаттардың дертіне дауа іздеп, бөбектерді өмірге қабылдаған қолы ақ болып, осы жолда кейде өзінің жеке уақытын, мүддесін сарп еткен жағдайлар да кездесті. Мемлекетшіл кісі еді. Нұрлы жүзінен мұсылман әйелдің қасиетін, қазақилықты, парасатты, адамгершілікті қажет болса, аурудан жүдеген адамға жүрегінің жартысын беруге бейім жомарт жанды көрдік. Ұлытаудың жасампаз қызының ұлағатты өмірі мен ісі замандастарының жадында ұзақ қалады.

**Сағындық ҚОЖАМСЕЙІТОВ**

## АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР

**Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекованың төрағалығымен қалалық әкімдікте үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысы өтті.**

# ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ БАС ҚОСТЫ

Қазақстан халқының әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартуға үкіметтік емес ұйымдар да қал-қадірінше үлесін қосып келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда азаматтық қоғам институттары қалыптасып, дамуда. Олар көптеген бастаманы қолға алып, қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге атсалысып жүргенін көріп те жүрміз.

Қала басшылығы мен қоғамдық бірлестіктердің төрағалары қатысқан жиында 2018 жылдың есебі тыңдалып, алға қойған жоспарлар талқыланды. Алғаш болып қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Хамзат Жаналин есеп берді. Аталмыш бөліммен биыл бес жоба жүзеге асырылады. Оның алғашқысы – 30 есту қабілеті төмен мүгедекті ыммен сөйлейтін арнайы мамандармен қамтамасыз ету. Жобаның жалпы сомасы 8874000 теңге, ал оны іске асыратын «Жүрек жылуы» қоғамдық бірестігі екен. Екінші әлеуметтік жоба мүмкіндігі шектеулі балаларға арналмақ. 30 балаға оңалту, әлеуметтік-мәдени және спорттық сабақтар ұйымдастырылады. Жобаның жалпы сомасы 6900000 теңгені құрайды.

Үшінші әлеуметтік жобаны «Ақсауыт» қоғамдық бірлестігі жүзеге асыруда. Олар арбаға таңылған мүмкіндігі шектеулі жандарға инватакси қызметін ұсынып отыр. Ал «Жүрек жылуы» бірлестігі әлеуметтік тапсырыс аясында жүріп-тұруы қиын мүгедектерге көмекші қызметін көрсетуде. Сондай-ақ, ағымдағы жылы мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсартуда бірқатар шаралар жоспарланған.

Қалалық спорт бөлімі бас маманы Айнұр Әбікенованың айтуынша, биылға 11 спорттық шара жоспарланған. Оның ішінде қалалық, республикалық, әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстар бар. Оларды өткізуге қарастырылған қаражат көлемі – 16 млн 200 мың теңге.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша биыл «Жаңа өлеңмен жүздесу», «Үздік мақалалар сайысы» және «Латын графикасына көшу бойынша іс-шаралар» атты жобаларды іске асырмақшы.

Қалалық ішкі саясат бөлімі 2019 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында бірнеше лот бойынша шара ұйымдастырмақшы. Оның ішінде журналистерді қолдау жөнінде іс-шаралар ұйымдастыру, қала ардагерлерінің қозғалысын қолдау, қалалық ҮЕҰ ресурстық орталығының жұмысын, Ұлытау аймағының тарихын насихаттау, сыбайлас жемқорық көріністерін алдын алу, «Мерейлі отбасы» конкурсын өткізу, Елбасы Жолдауын насихаттау, радикалды идеологиязандардап шеккен адамдарды оңалту және бейімделу, жастар театрының жұмысын қолдау сынды шаралар бар. Бұл жобаларды жүзеге асыруға 29 млн 100 мың теңге қаражат бөлінген.

Бүгінгі таңда көптеген ҮЕҰ негізінен мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс жасайтыны белгілі. Отырыстың басты мақсаты – жоғарыда аталған іс-



шараларды ұйымдастырып, өткізуге қаламыздағы үкіметтік емес ұйымдарды тарту. Ұйымдастырушы байқау арқылы таңдалады.

Жиынның соңында ҮЕҰ жобаларын назарға алып, биылғы жылғы мемлекеттік атаулы әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру қарастырылып, Жезқазған қаласы әкімдігі жанынан құрылған ҮЕҰ өзара іс-қимыл жөніндегі қалалық комиссия мен аталған ұйымдардың жұмыстарын БАҚ беттерінде кеңінен жариялансын деген шешім шығарылып, нақты тапсырмалар берілді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

## ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

# «ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН»

Кей кездері психологиялық кеңеске жүгінген аналардың балаларын тәрбиелеу мен басқарудың әдістері жайында естігенде еріксіз ата-аналар бала тәрбиесінде сауатсыз деген пікірге келесің. Осы ретте ата-аналар тәлім-тәрбие берудің тиімді тұстарын қаперге алса дейміз.

Атақты психоаналитик З.Фрейд: «Әрбір ойын баласы өзін өзіндік әлеміндегі нәрселерді өзінің қалауындай реттейтін ақын тәрізді», – деген екен. Ойын кезінде баланың бойындағы танымдық психикалық үрдістері қалыптасады, ойы ұшқырланады, өмірлік кедергілерді ұтымды шешу әрекеттері қалыптасады. Ойын барысында ол өзін-өзі тәрбиелейді, ортаға бейімделеді. Өзгелермен қарым-қатынас жасау кезінде жетіледі. Дегенмен, бүгінгі күні басым көпшілігіміз жұмысбастылықпен бала тәрбиесінің осы сатысын өткізіп, уысымыздан шығарып аламыз. Таңертеңнен кешке дейін баланың үйдегі тіршілік көзі – ғаламтор. Далада шана сүйреп, асық ойнаған ойын баласын кездестіру қазір өте сирек құбылысқа айналды. Ғаламтор желісін еркін жайлаған баланың не көріп жатқандығына көп жағдайда үлкендер мән де бермейді. Өкініштісі де сол. Жеткіншектер арасындағы өзіне-өзі қол жұмсаудың көбеюі мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстардың артуының бірден-бір себебі осында жатыр. Бүгінде бала түгіл естілердің өзі де ғаламтордың арбауында. Қоғамдық көлікте, көшеде, үйде болсын қолындағы ұялы телефонға үңілумен боламыз. Үйде қарым-қатынасқа ұмтылған жас балаға қажеттілігін өтеуге мүмкіндік бермей, мазаны алмасын дегендей қолына ұялы телефонды ұстататын ата-аналардың бала тәрбиесімен айналысуға уақыт тапшы дейтін сылтауын да талай естідік.

Ертеректе ата-әжелеріміз ерекше мән берген. «Баланы жастан...» деген халық даналығы содан қалған болар. Өскелең ұрпақтың болашағына шын мәнінде алаңдайтын болсаңыз, бала тәрбиесіне ерте жастан көңіл бөліңіз. Жұмыстан бос уақытыңызда баламен бір мезгіл әңгімелесіп, мектептегі, балабақшадағы қызықтарын сұраңыз. Бірге ойнаңыз, бірге таза ауада серуендеңіз. Бала өзіне қажет ата-ана жылуы мен қарым-қатынасты техникадан емес, шынайы өмірде сіздерден алуына мүмкіндік жасаңыз. Оның жасына қарамастан, балаңызға тұлға ретінде қарап, ойымен санасуға тырысыңыз. Балаңызды оның жағымды әрі жағымсыз жақтарымен, қылықтарымен толық қабылдаңыз. Ол өзін шынайы жақсы көретіндігін әрі бағалайтындығын сезінуі керек. Олай болмаған жағдайда, оның қыңыр мінезі пайда болып, тәрбиеге көңгісі келмейді. Жөн-жосықсыз шектей беру мен бұйыра сөйлеу де бала мінезіне теріс әсер етеді. Баланы мақтап-мадақтауды да ұмытпаған жөн. Ол тентектігі үшін жазаланғанын тез ұмытса да, ата-анасынан естіген жылы сөздерін мәңгі есте сақтайды.

Баламен көп әңгімелескен жөн, оған ненің жақсы, ненің жаман екендігін түсіндіріп, ұяда жылулық пен махаббатқа бөленген, түсіністік тапқан ұрпақ қана болашақта тау тұлға болады. Endeше, бүгінгі бала, ертеңгі елдің болашағының табысты ғұмыры біріншіден ата-ана мен үйдегі тәрбиеге тікелей байланысты екенін естен шығармайық.

**Перизат ӨТЕЕВА,**
**Жезқазған қаласы полиция басқармасы кадр жұмысы бөлімінің психологы, полиция майоры**

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» деп аталды. Елбасы Жолдауы бірден қолдау тауып, қоғамдық орталарда бірден талқыланып жатыр. Қазақстандықтар үшін 2018 жыл қай салада болмасын табысты жыл болғандығымен ерекшеленбек. Себебі бес әлеуметтік бастаманың нәтижесінде жоғары оқу орындарына 2018 оқу жылында қосымша 20 мың грант бөлінгені белгілі. 1 қыркүйекте мемлекеттік гранттарға ие болып, студент атанған жастардың қуанышында шек болмады. Халықаралық саясатта да асығымыз алшысынан түсіп, еліміз тұңғыш рет Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіндегі 2018 жылғы қаңтар айындағы төрағалығын және осы жылға қызметін абыроймен атқарды.

Мен, Арапбай Дінислам, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің шетел тілдері факультетінің студенті атанғанымды ерекше бақыт деп санаймын. Мемлекет басшысы 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Бұл бізге, яғни жастарға берілген тарихи мүмкіндік. Себебі Қазақстан-2050 стратегиясындағы алға қойған мақсат-міндеттерді атқару біз сияқты жастардың қолында. Қазақстан халқы жастарының әлеуеті жоғары. Оны мен өзім білім алып жатқан ортамдағы достарымның білімге деген зор ынта-жігері мен болашаққа деген ұмтылысынан білемін.

Елбасының жастарға артқан зор сенімі мен стратегиялық сенімін ақтауды мен әрбір жас қазақстандықтың азаматтық борышы деп есептеймін. Жолдауды Елбасы: «Біз гранттардың санын көбейттік, енді жауапкершіліктің кезеңі келді. Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оқу бітірген студенттердің жұмыспен қамтылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы», - деп қадап айтқан сөзінің маңызы зор. Жоғары оқу орнындағы алған білімім мен тәжірибемді келешекте еліміздің дамуы мен табысты болашағына арнаймын.

**Арапбай ДІНИСЛАМ,**
**Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ студенті**

## СОТ ЖҮЙЕСІ

**Жезқазған қалалық сотының төрағасы Жанболат Шортанбаев өткен жылды қорытындылап, баспасөз конференциясын өткізді.**




# ӨТКЕН ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

2018 жылдың он екі айы ішінде қалалық сотта барлығы 379 қылмыстық іс қаралған. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырағанда 126 іске азайған. Оның 370-і өндіріспен аяқталды. Аппеляциялық тәртіпте 40 үкім қайта қаралды. Ал, 46 іс медиация тәртібімен сотқа жетпей тоқтатылды.

Есептік кезеңде қалалық сотқа 1918 әкімшілік іс келіп түскен. Оның 15-і қайта қайтарылып, 1713-і әкімшілік жазалаумен аяқталды. 26 заңды тұлға және 1687 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Құзіретті орган мамандарының мәліметіне сүйенсек, өткен жылы 120 азаматтық іс келіп түскен. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 41 іске көп. 2017 жылдан 129 іс қаралымда қалды. Сондай-ақ, 7334 талап-арыз түсті. Жалпы 3093 азаматтық іс қозғалды.

Бүгінгі күні уақыт талабына сай барлық саланы автоматтандыру процессі қарқынды жүруде. Жұмысты оңайлатудың бұл әдісі сот жүйесін де айналып өтпеді. Өткен жылы жергілікті сотта «Виртуалды сот» пилоттық жобасы іске қосылды. Бұл жобаның көмегімен сот процесін онлайн түрде жүргізуге болады. Яғни, сот ісіне қатысы бар тұлға процеске қатыса алмаған жағдайда онымен бейне конференция арқылы хабарласып, оның қатысуын қамтамасыз етуге болады. Бұл жоба бойынша, қалалық сотта 24 іс қаралып, өз шешімін тапты.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

МАМАН КЕҢЕСІ



# ТҰТЫҚПАНЫ ТҮЗЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Тұтықпа сөйлеу мүшелеріндегі бұлшық еттердің тартылу салдарынан сөйлеудің ырғақтығының, жылдамдығының бұзылуынан болады.

Қазіргі кезде тұтықпа пайда болған уақытта бірден түзету шараларын қолдану керектігін көпшілік біледі. Экологиялық, психологиялық фактордың әсерінен және белгісіз себептерге байланысты сөйлеу қабілетінде ауытқуы бар, мүмкіндігі шектеулі балалар саны жылдан жылға көбейіп келеді. Әдетте, бұл кемістік бастапқы сатысында жеңіл түрде болады. Бірақ жеңіл де әрең байқалатын тұтығу бірте-бірте күшейе түсуі мүмкін. Уақыт өткен сайын тұтықпа бала мінезінің өзгеруіне себепкер болып, кемістікке айналады. Нәтижесінде бала қалыпты қарым-қатынастан айырылып, өзіне деген сенімсіздік пайда болады, сабақ үлгерімінің нашарлауына әкеп соғады. Сондықтан, аталған сөйлеу кемістігін бала мектепке бармай тұрып түзету өте маңызды. Өйткені, мектеп жасына дейінгі тұтықпа балалармен жүргізілген жұмыс нәтижелі болады.

Тұтықпамен күресте кешенді әдістерді қолдану жағдайында ғана үлкен жетістіктерге жетуге болатындығын теория мен тәжірибе іс жүзінде дәлелдеп отыр. Осы ретте тұтықпасы бар балалардың ата-аналары төмендегілерді ескеріп, тұтықпаны жеңу жолдарын біліп жүрсе дейміз.

Бала шамалы тұтықса да дереу маманға апару керек. Кішкене стрестің болуы, қорқу және шаршау тұтығуды күшейтуі мүмкін. Сөйлеудің дамуы сонымен қатар қол саусақтары – ұсақ моториканың дамуымен тығыз байланыста. Мұнда пирамидка, кубик мозайкалардың көмегі мол. Тұтығатын балалардың сөйлеу тілінің дамуы осындай жүйелілікпен жүруі тиіс. Ол үшін заттардың немесе іс-әрекеттердің көрнекілігі міндетті түрде қажет. Өйткені, балалар көз алдындағы заттарды атап, әрекеттерді айтып беруге қиналмайды. Қажетті сөзді таба алмай қиналған жағдайда сілтеу есімдіктерін қолданады. Мысалы, бұл, анау, сондай, т.б. Мұнда тұтығу байқалмайды. Көрнекілікті бірте-бірте азайта отырып, балалардың сөйлеуін күрделендіруге болады. Сөйтіп көрнекіліксіз – ақ контексті сөйлеуді қолдану қабілетін дамытуға мүмкіндік бар. Тұтығатын балалардың өз бетімен байланыстырып сөйлеуінің даму жүйелері қарапайымнан күрделілікке қарай құрылуы тиіс. Алғашқы сабақтардан бастап, балалар логопедтің сұрақтарына жай және қысқа сөз тіркестермен жауап береді. Ойыншықтың, түрлі заттардың геометриялық формалары, олардың үлкендігі, түсі, әр түрлі іс-әрекеттері аталады. Одан соң балалар заттар мен орындалған іс-әрекеттің көрнекілігі бойынша кең таралған жай сөйлемдермен жауап береді. Мысалы, соңында балалар логопедтің қиын сұрақтарына жауап бере отырып, тұтықпай сөйлей алатын қабілетке ие болады. Мектепке дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу дамуының мұндай кезектілігі мен жүйелілігі баланың керекті сөздерін оңай және жылдам табуына, ойын құруына, мүдірмей сөйлеуіне жағдай туғызады. Бұл жүйелілік принципі басқа да көптеген әдістерді пайдалана отырып сабақ жүргізгенде ескеріледі. Логопедиялық сабақтар «кабинеттегі тәрбие мен оқытудың бағдарламасымен және жалпы күн тәртібіндегі жағдайлармен байланысты болуы керек». Жоғарыда айтылғандай, балалардың өз бетімен байланыстырып сөйлеуін дамыту үшін мынадай жағдайлар жасау қажет. Алдымен, көрнекілікті кеңінен пайдаланып, кейінірек оларды бірте-бірте азайтуға мүмкіндік беру және мектепке дейінгі нақты көрнекіліксіз-ақ ойын анық жеткізуге дағдыландыру қажет. Бұл үшін бейнелеу әрекеті кезінде қағаздан, картоннан және басқа материалдардан құрау, дайын қиындылардан аппликация жасау, саз балшық пен пластилиннен жасау, қарындашпен, бояумен сурет салуда балалар заттарды көреді, заттарды өз қолымен жасауға тырысады, белгілі бір жүйелілікпен әңгімелейді.

Тұтықпаны болдырмау үшін баланы артикуляциялық аппараты бекімейінше 4 жасқа дейін дұрыс, таза сөйлеуге үйрету, дұрыс айтылмаған сөздерін дұрыстауға мән беру керек. Бұлай болмаса баланың ойлау қабілеті сөйлеу қабілетінен асып кетеді, нәтижесінде өз ойын айтуына, сөздік қоры мен грамматикалық әдістері жетіспейді. Соңында бала тұтыға бастауы мүмкін.

Тұтықпаны жоюды тиімді ұйымдастыру үшін үйде тыныш жағдай жасау керек. Ұзақ уақытқа дейін баланы қонаққа апаруға болмайды. Осы уақыт аралығында өзінен кіші, мінез-құлқы ұқсас балалармен ойнауы тиіс. Бала сөйлеуі дұрыс қалыптасса, жүйке жүйесінің тынығуына, демалуына мүмкіндік береді. Теледидардан балаға тек қана жас ерекшелігіне сай фильмдер мен бағдарламалар көрсетіп, оның ұзақ уақытқа созылмауын қадағалау маңызды. Сондай-ақ, ең маңызды нәрсе, сол қолымен жұмыс жасайтын баланы оң қолымен жұмыс жасауға мәжбүрлемей, таңдауды өз қалауына қалдыру керек.

Тұтықпаны түзеткен соң, қайталанбас үшін соған сай шарттар мен режимді сақтап, қолайлы психологиялық жағдай туғызу керек.

**Ляззат ИБРАЕВА,**
**Жезқазған қаласы психологиялық медицина-педагогикалық кеңесінің логопед маманы**

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 767 қаулысымен Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы бекітілген.**



# ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫН ЖАҢҒЫРТУ ТУРАЛЫ

Бағдарламаның мақсаты – басқарылатын урбандалу арқылы өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту міндетінің бірі – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту.

Жезқазған қаласында 649 көппәтерлі тұрғын үй бар, қаланың орталығында 5 қабатты тұрғын үйлердің көпшілігі 1960-1970 жылдары салынған, 1950-1960 жылдары салынған 2 қабатты үйлер ескі үйлерге жатады.

Азаматтардың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін Жезқазған қаласы атқарушы органы бұзуға немесе күрделі жөндеуге жататын авариялы үйлерді анықтау жұмыс жүргізеді. Осы күнге 9 апатты үйге күрделі жөндеу жұмыс өткізуі қажет . Күрделі жөндеуге келмейтін үйлердің тұрғындары мемлекеттік қорынан тұрғынжай алу үшін есепке алынды.

Жезқазған қаласының 2017-2019 жылдарға арналған даму жоспарында күрделі жөндеу қажет ететін кондоминиум нысандардың үлесін 33 %-дан 28,8 %-ға төмендету жөнінде шара қарастырылған.

Бұл іс-шара қалай орындалады?

Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес, үй-жай азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің дара (бөлек) меншігінде болатын, ал ортақ мүлік оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болатын жағдайда (баспалдақ, жертөле, шатыр және басқалар) көппәтерлі тұрғын үй кондоминиум нысанына жатады.

Пәтерлердің меншік иелері ортақ меншік мүлікті күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындарға қатысуға міндетті.

Ай сайын тапсырылатын жарнадан бөлек, күрделі жөндеуге қаражат жинақтау үшін ай сайын пайдалы алаңының бір шаршы метріне арналған есеппен айлық есептік көрсеткіштің 0,02 еселенген мөлшерінен (2019 жылы-50,5 теңге) кем болмайтын соманы енгізуге міндетті.

*Мысалы, екіқабатты 8-пәтерлік агаш қабыргасымен тұргын үйді алайық. Күрделі жөндеуге қаражатты қанша уақыт жинау қажет?*

*Тұргын үйге шатырды, кіреберісті, жертөлені, қасбетті жөндеу , есікті ауыстыру және басқа да жұмыстар жасау қажет. Күрделі жөндеудің сметалық бағасы 15 миллион теңге құрады. Үйде ауданы 63 шаршы метрмен 4 пәтер бар, ауданы 44 шаршы метр 4 пәтер бар. 63 және 44 шаршы метр ауданымен пәтер иелері ай сайын 3 213 және 2 244 теңге төлеу міндетті, барлық пәтер иелері тапсырган жагдайда, бір айда 21 828 теңге жиналады, бір жылда 261 936 теңге. Қажет соманы жинау үшін тұргындар 57 жыл қаражат жинау керек.*

Тұрғындарға осылай күрделі жөндеуге қаражат жинау мүмкін емес.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында күрделі жөндеуді қаржыландыру қарастырылған, меншік иелері 8-ден 15 жылға дейін мерзімде (күрделі жөндеу жұмыстары түрлеріне байланысты) қаражатты қайтарады. Сондай-ақ, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарына қолайлы өмір сүру жағдайларын жасауға нақты мүмкіндік беріледі.

2013-2018 жылдар аралығында Жезқазған қаласында жаңғырту бағдарлама бойынша 15 үйде 216,1 миллион теңге сомасына күрделі жөндеу жасалды.

Жөндеу жұмыс жасау үшін пәтер (жайлар) меншік иелерінің жалпы жиналыста қабылданған келісім және күрделі жөндеу жасау туралы қол қойылған шарттар негіздеме болады.

Бағдарлама бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін алуға мүмкіндігі бар. Ұйымдастыру жұмыстарды (жиналысты өткізу, банктерде есепшот ашу, құжаттарды ресімдеу) кондоминиум объектісін басқаратын орган атқарады. Осы күнде- бұл ПИК және заңнама бойынша басқа да түрлері (басқаратын компаниялар, өзін-өзі басқару органдар).

Терможаңғырту элементтерімен күрделі жөндеуді жүргізу нәтижесінде жылу тұтынуды 30 пайызға дейін үнемдеуге қол жеткізіледі, содан да үй тұрғындардың өкілдері жұмысты қабылдау актілерге қатысуға мүмкіндігі бар. Заңнамаға сәйкес, жөндеу жұмыстарға мердігерлер кепіл береді, анықталған ақаулар жойылады.

Қала әкімдігіне халықтан көп шағым түседі (төбеден су аққан, жертөле суға толған, жылу, су құбыры, канализация құбырлары жиі жарылатын туралы). Тұрғындар көп пәтерлі тұрғын үйге өзінің жекеменшік тұрғын үйі ретінде қараса және энергия үнемдеу көзқарасы қалыптастырылса, бұл мәселелерді шешуге болады.

Көп пәтерлі тұрғын үйлердің тұрғындары бірге күрделі жөндеу жасау туралы шешім қабылдап, мемлекеттен берілген өздерінің тұрғын жағдайларын жақсарту мүмкіндігімен пайдаланған өте маңызды.

**А.САГИМБАЕВА,**
**«Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы**

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**1 қаңтардан бастап «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» клиенттерге қызмет көрсетуде талондық жүйені енгізді. Енді клиентке несиелеуге өтінім тапсырылған кезде жоспарланған несие бойынша негізгі мәліметтері көрсетілген талон беріледі.**

# ТАЛОНДЫҚ ЖҮЙЕ НЕСИЕЛЕУ ӨТІНІМНІҢ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Бұл жүйе несиелеу өтінімдерін қарастыру ашықтығын қамтамасыз етеді. Талонда несиелеу шарттары, тапсырылған құжаттардың тізімі, өтінім берілген күні мен өтінімді қарастыру аяқталатын күн көрсетіледі. Өтінімді қарастыру бойынша бизнес-процесс толығымен сайтта көрсетіледі, клиент өз өтінімінің жолын kazagro.kz порталына тіркеліп, көре алады.

Талонда клиенттің атауымен қатар несиелеу бағдарламасы, қаржыландыру көзі, сома, пайыздық үстеме, негізгі борыш пен сыйақы бойынша жеңілдетілген мерзім, сонымен қатар өтінімді қабылдаған менеджердің мәліметтері мен байланыс телефоны көрсетіледі. Сондай-ақ, талон клиенттің қаржыландыруға қажетті құжаттар пакетін тапсыруын дәлелдейді.

Талон басылғаннан кейін несиелеу өтінімі қарастыруға жіберіледі. Клиент kazagro.kz порталында жеке кабинетке кіріп, өз өтінімінің қай кезеңде тұрғанын анықтай алады.

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ – «ҚазАгро» холдингі құрамына кіретін мамандандырылған қаржы-несиелік ұйым. Қордың негізгі мақсаты – ауыл халқының қаржылық қызметтер мен ресурстарға қолжетімділігін арттыру.

**«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Қарағанды филиалы**

**Мекенжай: Қарағанды қаласы, Шахтеров даңғылы, 40.**

**Тел. 8/7212/ 25-98-28, 8/7212/ 25-97-90, 8/7212/ 25-98-49,**

**e-mail: karaganda@fagri.kz**

# ЕҢ БАСТЫСЫ – АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

**Мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат құру, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайту сияқты бірқатар талаптар қойылған болатын.**

Осы мақсатта мемлекеттік қызметті өткеру тәртібін реттейтін кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізіліп, жаңашылдықтар биылғы жылдан бастап күшіне енді.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында 2016 жылдан бастап елімізде мемлекеттік қызметке орналасу үшін үш сатылы іріктеу енгізілген болатын. Нәтижесінде, мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесі айтарлықтай жақсарды.

Мемлекеттік қызметке орналасу үшін үміткерлер заңнаманы білуге арналған тестілеумен қатар, міндетті түрде жеке құзіреттерді бағалау бойынша тестілеуден өтуде. Заңнаманы білуге арналған тестілеудің шекті мәні белгіленген болса, бүгінгі күнге дейін жеке құзіреттерді бағалауға бағытталған тестілеудің шекті мәні болмаған.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, жеке құзіреттерді бағалауға бағытталған тестілеу үміткерлердің бойында қызмет атқару үшін қажет құзіреттер деңгейін анықтаумен қатар, үміткердің шынайылық деңгейін анықтауға бағытталған сұрақтарды да қамтып, тестілеу барысында үміткер қойылған сұрақтарға шынайы жауап бермей, кемінде 50% болып белгіленген шекті мәнді жинамаса, тестілеуден өтпеген болып есептеліп, конкурсқа қатысу мүмкіндігі болмайды. Ал, қайтадан осы тестілеуді тапсыруға үміткер бір айдан соң құқылы.

Заңнамалық актілерге енгізілген келесі өзгеріс ішкі конкурстарға қатысты болып отыр. Мемлекеттік қызметшілер ішкі конкурстарға қатысу барысында құжаттарын электронды түрде ұсынуы бекітілді. Аталған жаңашылдық қағазсыз құжат айналымды дамыту, тікелей қарым-қатынасты азайту мақсатында енгізіліп отыр. Яғни, ішкі конкурс арқылы іріктеуге қатысатын мемлекеттік қызметшілер бұрынғыдай құжаттарын мемлекеттік органға қолма-қол апармайды, «Е-қызмет», «E-gov» жүйелері арқылы құжаттарын жүктеп немесе мемлекеттік органның электрондық адресіне жіберетін мүмкіндік алды.



Жалпы конкурс өткізу тәртібінде де өзгерістер бар. Енді, жалпы конкурстарға қатысатын азаматтарға құжат тапсыру барысында заңнаманы білу және жеке құзіреттерді бағалау қорытындысы бойынша берілетін қағаз жүзіндегі сертификат пен қорытындыны ұсынудың қажеттігі жоқ.

Азаматтардың тестілеуден өткендігі жөніндегі ақпарат «Е-қызмет» жүйесінде сақталатындықтан, конкурс өткізетін мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі «Е-қызмет» жүйесіне кіріп, қорытындыларды өздігімен тексере алады. Сол себепті, бір уақытта бірнеше конкурсқа қатысатын азаматтарға бұрынғыдай құжаттарын нотариалдық растау үшін шығындану қажет емес.

Бүгінгі таңда енгізіліп отырған осы өзгерістердің барлығы конкурстық үрдісті жеңілдету, мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайту мақсатында енгізіліп отыр.

**Талант МЕДЕТ,**
**мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.**

КӨЛІК ИЕЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

# КӨЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНДІ

**2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің жаңа үлгісі қолданысқа енді.**




Аталған жаңалыққа ҚР ІІМ-нің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы «Жүргізуші куәлігі мен көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бланкілерінің үлгілері мен формасын бекіту туралы» №874 бұйрығына енген өзгерістер негіз болып отыр. Бұл өзгеріс жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметті цифрландыру жүйелері арқылы оңтайландыру мақсатында енгізілді.

Көлік құралын тіркеу туралы куәліктің (КҚТК) жаңа үлгісінің көлемі алдыңғысына қарағанда ықшамдалған (5,4 *8.6 см.) және қорғаныш элементтері (ультракүлгін және голографикалық) мен интегралды микросхема орнатылған. Жаңа куәліктің интегралды микросхемасында көліктің мемлекеттік тіркеу нөмірі, куәліктің сериясы мен тіркеу нөмірі, берілген мерзімі, көліктің маркасы мен моделі, шығарылған жылы, көлік құралының категориясы, есептен шығарылғаны туралы белгі, идентификациялық нөмір (VIN), жүксіз салмағы, қозғалтқыш көлемі, рұқсат етілген шекті салмағы, түсі, иесінің тұрғылықты мекен жайы, ерекше белгілер, алғашқы тіркеу мерзімі, көлік құралының қайта жабдықталу түрлері туралы мәлімет, басқа да мәліметтер сақталады.

Бұл ретте ескі куәлік иелеріне жаңа үлгідегі куәлік алу міндеттелмейді. Тіркеу куәліктері көліктердің жаңадан тіркелуі немесе есепке қайта қойылуына байланысты жоспарлы түрде берілетін болады. Ал, жаңа үлгідегі куәлік алам деушілер тіркеу-емтихан бөлімінен ауыстыра алады. КҚТК үшін төленетін мемлекеттік баж көлемі өзгеріссіз қалғанын көлік иелерінің есіне саламыз.

**Асылбек УӘЗІРОВ,**
**Жезқазған қаласы ПБ ӘПБ ТЕЖБ-нің аға мемлекеттік инспекторы, полиция майоры**

ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫ

# ҚР ҚДМ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫ ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТЕДІ

ҚР Қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті Үкіметтік емес ұйымдар дерекқорына мәліметтерді ұсынудың кезекті есеп кезеңінің өтуі туралы хабарлайды. Ағымдағы жылы 31 наурыз жексенбіге түскеніне байланысты ұйымдардың өз қызметі туралы мәліметтерді ұсыну мерзімі 2019 жылғы 1 сәуірде аяқталады (ҚР Азаматтық кодексінің 175-бабына сәйкес егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе, содан кейінгі ең таяу жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады).

Осыған байланысты жеке мекеме, қоғамдық бірлестік (саяси партиялар, діни бірлестіктер мен кәсіптік одақтар түрінде құрылған қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда), коммерциялық емес акционерлік қоғам (құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын коммерциялық емес акционерлік қоғамдарды қоспағанда), қоғамдық, корпоративтік және жеке қорлар, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктеріне infonpo.kz. веб-порталында электрондық есептілік нысанын уақытылы толтыруды ұсынады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҮЕҰ дерекқорында тіркелу мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ, ҮЕҰ үшін сыйлық алуға арналған конкурсқа қатысу үшін міндетті шарт болып табылады.

ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді электрондық түрде infonpo.kz веб-портал арқылы ұсыну үшін Халыққа қызмет көрсету орталығының жақын жердегі бөлімшесінде (ХҚКО) электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) алу қажет.

Интернет арқылы тапсыруға мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін мәліметтерді пошта арқылы немесе қолма-қол қағаз және электрондық тасығыштарда (DOC, DOCX форматында CD-дискілерде немесе USB-флэш-жинақтағыштарда) тапсыру мүмкіндігі қалды.

ҮЕҰ қызметі туралы мәліметтерді ілеспе хатпен бірге пошта арқылы немесе қолма-қол мына мекенжайға жіберу қажет: **010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 15-кіреберіс, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті.**

ҮЕҰ дерекқорына мәліметтерді уақытылы ұсынбағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген.

## ФЕСТИВАЛЬ

**Жастар жылы және Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арналған халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің XXIX аймақтық «Ұлытау үні» фестивалінің БАҒДАРЛАМАСЫ**

**19 АҚПАН, СЕЙСЕНБІ**

**16.30** XXIX аймақтық **«Ұлытау үні»** фестивалінің салтанатты ашылуы.

**17.00 «Атандым ақын Тайжан бала жастан...».** Ақын Тайжан Қалмағамбетовтің туғанына 140 жыл толуына арналған дәстүрлі ән кеші.

***Халықтар достығы мен мәдениет үйі***

**20 АҚПАН, СӘРСЕНБІ**

**10.00 «Шебер қолдың шуағы».** Суретші, ағаш оюшы Александр Кузнецовтің жеке көрмесінің ашылуы.

***Тарихи-археологиялық мұражайының көрме залы***

**11.00 «Жұлдыз – 2019».** Жастардың эстрадалық әндер конкурсы.

***Халықтар достығы мен мәдениет Үйі***

**17.00 «Ән – ғұмыр».** Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, мәдениет саласының ардагері Береке Көшеновтің 70 жасқа толуына арналған мерейтойлық кеш.

**21 АҚПАН, БЕЙСЕНБІ**

**11.00 «Жез далам, жез қалам – Жезқазған».** Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған жас ақындар мүшәйрасы.

**XXIX «Ұлытау үні»** фестивалінің жабылуы.

***Халықтар достығы мен мәдениет үйі***

Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Халықтар Достығы Орденді Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театрының ГАСТРОЛЬДІК РЕПЕРТУАРЫ

Ұлытау аудандық мәдениет сарайында

26 СС.ВТ — Б.Бекжанов ЖЕТІ ЛАҚ ертегі, реж. С.Жұмағали — $11^{00}$

26 СС.ВТ — Р.Отарбаев ФАРИЗА МЕН МҰҚАҒАЛИ лирикалық драма, реж. Н.Жұманиязов — $15^{00}$

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалы - драма театрында

27 ср.ср — Б.Бекжанов ЖЕТІ ЛАҚ ертегі, реж. С.Жұмағали — $11^{00}$

28 ср.ср — Р.Отарбаев ФАРИЗА МЕН МҰҚАҒАЛИ, реж. Н.Жұманиязов — $15^{00}$

Сәтпаев қалалық мәдени-сауық орталығы

1 жм.пт — Б.Бекжанов ЖЕТІ ЛАҚ ертегі, реж. С.Жұмағали — $11^{00}$

1 жм.пт — Р.Отарбаев ФАРИЗА МЕН МҰҚАҒАЛИ, реж. Н.Жұманиязов — $15^{00}$

Театрдың басшысы,әрі көркемдік жетекшісі - ҚР Мәдениет қайраткері - Бекболатов Сансызбай Нұрсияұлы

Анықтама телефондары: 8-701-911-76-76

сайт: Seyfullin.kz

Қойылымдар ілеспе аудармамен орыс тілінде жүргізіледі. Спектакли идут с синхронным переводом




**БАСПАСӨЗ – 2019**

*Құрметті оқырман!*
*Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылға жазылу науқаны жыл бойы жалғасатынын хабарлаймыз!*

**ГАЗЕТКЕ БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ**

**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:**
*Редакциядан келіп алу – 2700 теңге;*
*Мекенжайға жеткізіп беру – 3700 теңге.*

**КӘСІПОРЫНДАР ҮШІН:**
*Редакциядан келіп алу – 5500 теңге;*
*Мекенжайға жеткізіп беру – 6400 теңге.*

*Газетке жазылу ақысы редакцияның есепшотына аударылуы керектігін естеріңізге саламыз! Қосымша мәліметтерді келесі телефон нөмірлеріне 8(7102)710055, 775025 хабарласу арқылы біле аласыздар.*

*Біздің мекенжай: Жезқазған қаласы, І.Есенберлин к-сі, 63/3 («Матадор» мейрамханасының жаны).*

## АУЫЛ КЕШІ КӨҢІЛДІ

# ШӘМШІ ӘНДЕРІНЕ АРНАЛДЫ

**Талап ауылында Ш. Қалдыаяқов шығармашылығын арқау еткен шығармашылық байқау өтті.**



Ауыл әкімдігінің қолдауымен ауылдық мәдениет үйі мен мектеп ұжымы ұйымдастырған «Ән падишасы» байқауына ауыл тұрғындары Рымкүл Омарова, Гүлнаурыз Амангелдіқызы, Мейрамгүл Жұмажанова, Рахима Байбосынова, Айнаш Қанашева, Гүлшат Итемгенова қатысты. Қатысушылардың жас ерекшелігі де әр алуан. Әуесқой әншілердің өнеріне жезтаңдай әнші Сара Өмірзақова бастаған, құрамында Т.Қалмағамбетов атындағы Жезқазған филармониясының әншісі Зәуреш Омарова, Жезқазған халықтар достығы мен мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Ғанияш Мергенова бар қазылар алқасы баға берді.

Екі айналымнан тұратын конкурс шарты бойынша қатысушылар Ш.Қалдыаяқов шығармашылығынан және өздері таңдаған бір әнді домбыра, баян, гитара немесе синтезатордың сүйемелдеуімен орындауы керек. Жеребе тартылып, қатысушылардың сахнаға шығу реті анықталған соң сайыс та басталып кетті. Алғашқы болып сахнаға көтерілген Рахима Байбосынова Ш.Қалдыяқовтың «Қайдасың» әнін орындады. Одан соң Рымкүл Тұрғанбайқызы «Ақ сұңқарымды» шырқады. Айнаш Қанашева «Ана туралы жырды» шырқады. «Кешікпей келем деп ең» әнін Мейрамгүл Жұмажанова нақышына келтіріп орындаса, Гүлнаурыз Амангелдіқызы «Мойынқұмда», Гүлшат Итемгенова болса «Әнім сен едің» әнімен көрерменнің көңілін тапты.

Екінші айналымда да қаьысушылар осы ретпен халық әндерін, қазақ композиторларының репертуарынан әндер шырқады.

Қазылар алқасы алты қатысушының өнеріне баға беріп, жүлделі орындарды табыстады. Жүлделі 3-орынды Мейрамгүл Жұмажанова мен Айнаш Қанашева иеленсе, 2-орын Гүлшат Итемгенова мен Рахима Байбосыноваға бұйырды. 1-орынға ардагер ұстаз, бүгінде 75 жасқа толып отырған Рымкүл Омарова лайық деп танылды. Ал, бас жүлде Гүлнаурыз Амангелдіқызына бұйырды. Сайыстың барлық қатысушыларына бағалы сыйлықтар мен арнайы дипломдар табыс етілді. Қазылар алқасы мен қатысушылар байқауды ұйымдастырушыларға көрсеткен қолдауы үшін алғыстарын білдірді.

**Өз тілшіміз**

## ТАЛАПКЕР – 2019

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕР БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ...

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кадр және әскери білім департаменті офицері, полковник Досбол Баймағамбетов Жезқазғанға келген жұмыс сапарында болашақ ел қорғандарымен жолықты. Ондағы мақсаты – қазақстандық әскери білім ордалары жайында кең ақпарат бере отырып, болашағын осы қызметпен байланыстырғысы келетін жалынды жастарды бағдарлау еді.**



– Отан қорғаушы қай заманда болмасын мәртебелі мамандық саналған. Сендердің араларыңда да әскери қызметкер болуды армандайтын ұландар аз емесін білеміз. Сондықтан, бүгінгі кездесуде болашақ сардарларға бағыт-бағдар бермекпіз, – деген Жезқазған қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқарма басшысының міндетін атқарушы Арман Мақажановтың сөзін Досбол Есентайұлы жалғады.

Ол Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери мамандарды даярлайтын негізгі үш институтқа тоқталды. Оның алғашқысы – Құрлық әскерлерінің әскери институты. Еліміздегі әскери мамандарды даярлаудың ұстаханасы аталған институтта офицерлік кадрларды 11 мамандық бойынша дайындайды. Олар: мотоатқыш әскерлерінің, әуе-десанттық әскерлер мен әскери барлаудың, танк әскерлерінің, артиллерияның және автокөлік әскерлерінің, азық-түлікпен, киім-кешекпен, сондай-ақ, жанар-жағар маймен қамтамасыз ету бойынша командалық-тактикалық даярлық кафедралары. Ал, радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік интитутында радиобайланыс пен көздеу, радиобайланыс пен зениттік-ракеталық әскерлердің қондырғыларын жөндеу, зенитті ракеталық әскерлердің бөлімі мен радиотехникасы, радиотехникалық әскерлердің бөлімдері мен радиотехникасы және автоматты басқару жүйелерінің инженері сынды бес мамандық бойынша дәріс беріледі. Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигельдинов атындағы әуе қорғаныс күштерінің әскери институтында 8 мамандық оқытылады. Аталмыш оқу ордасында бронетанктық қару-жарақ пен техника, авиациялық қару-жарақтану, штурмандық авиация тактикасы мен ракета-артиллериялық қамтамасыз етуге қатысты мамандықтарды игеруге мүмкіндік бар.

Мамандықтарды толық қамтыған Досбол Есентайұлына кездесу қатысушыларынан көптеген сауалдар жолданды. Оның алғашқысы әрі бастысы талапкерге қойылатын талаптарға қатысты болды.

– Біріншіден әрине болашақ маманның біліміне баса назар аударылады. Ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде жеткілікті бал жинаған түлек медициналық тексерістен өтіп, психологиялық тест тапсырады. Кімде-кім жоғарыда аталған институттарға оқуға түсуді ойласа, 25 шілдеге дейін тегін, атын және әкесінің атын, туған күні мен жылын, білім деңгейін және қай институтты таңдағанын көрсетіп, жергілікті әскери басқару органына, яғни Жезқазған қорғаныс істері жөніндегі басқармаға өтініш жолдауы қажет.Одан кейін ҰБТ тапсырып болған соң, тамыздың 1-25 аралығында институттарда құжат қабылдау басталады, – деген баяндамашы оқу орнында қарастырылған жағдайларды қамтыды.

Курсанттар типтік казармаларға орналастырылады екен. Оқу кезінде тегін тамақпен, формалы киіммен, қажетті оқулықтармен және жәрдемақымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, шәкіртақы төленеді. Жыл сайын курсанттарға қысқы және жазғы демалыстар беріледі. Оқуды аяқтағаннан кейін курсанттарға әскери лейтенант шені және жоғары білімі жөніндегі диплом беріледі. Жұмыссыз қалу қаупі де жоғын айта кеткен жөн болар. Өйткені, институтты аяқтағаннан соң офицерлермен келісім-шарт жасалып, олар офицерлік құрамға тағайындалады.

Кездесу соңында баяндамашылар мамандық жүрек қалауы арқылы таңдалғанда ғана болашақ маман иесі қызметінде абыройлы әрі табысты болатыны жөнінде ой салды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## МЕКТЕП ХАБАРЫ

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЗДЕСУ

**Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектеп оқушылары мен ұстаздары ҚР халық әртісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаевты қонақ етті. Сонымен қатар, мектеп оқушылары келушілерді мобильді кітапхана жұмысымен таныстырды.**



Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы қоғамдық сананы жаңғыртуды мақсат еткен. Бұл идея – Тәуелсіз еліміздің тарихындағы ең ауқымды және ең маңызды жобалардың бірі. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы – осынау жобаның бір бағыты. Әлемдік алпауыт елдермен тереземізді теңестіру мақсатында барлық салаларда заманауи сандық құрал-жабдықтар, техникалар енгізілуде. Бұл үрдіс тәлім мен тәрбие ордасы саналатын кітапхананы да айналып өтпеді.

«Цифрлы Қазақстан. Мобильді кітапхана» бағдарламасының берері мол. Қазіргі таңда кез келген кітапты алысқа бармай-ақ қолда бар ұялы телефон немесе планшеттен оқуға мүмкіндік бар. Ол үшін небәрі арнайы қосымшаны жүктеп алып, кітаптың QR кодын білу жеткілікті. Бүгінде №5 мектептің кітапхана қорында қазақ, орыс және шет тілдеріндегі 100-ден аса кітаптың электронды нұсқасы бар. Мобильді оқырмандар баспадан жарық көрген дәстүрлі кітаптардан алыстамайды. Керісінше, бұл жастардың өзіне қызықты әдебиетпен танысып, кітапханаға бет бұруына түрткі болмақ.

Кештің екінші бөлімі өнер саласына арналды. Оқушылармен кездесуге қаламыздағы өнердің қара шаңырағына айналған С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының өнер майталманы Досжан Жанботаев пен оның шәкірттері келді. Мұндағы мақсат білім алушыларды Досжан Әбдірәлімұлының шығармашылығымен, театрдың өмірімен таныстыру, балаларды өнерге баулу еді.

ҚР халық әртісі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Досжан Әбдірәлімұлының өскелең ұрпаққа айтар ақылы мен берер тағлымы мол. Жақында ғана 70 жылдық мерейтойын тойлаған халық сүйіктісі өзінің өмір мен еңбек жолы жайында баяндап берді. Мектеп оқушылары Досжан Жанботаев пен оның шәкірттері Кенжетай Әбілдин, Ардақ Жарқынбеков, Мәди Саденов, Қанағат Бисембаеваға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Оқушылар «ең сүйікті сомдаған рөліңіз қандай?», «Мәтіндегі сөздерді ұмытып қалған сәттер болды ма?» десе, енді бірі «Сомдайтын рөлді өзіңіз таңдайсыз ба, әлде режиссер ұсына ма?» деген сауалдарға нақты жауап алды. Сондай-ақ, білім ордасының тәрбиеленушілері би билеп, күй тартып өнерлерін көрсетіп, келген меймандарды тәнті етті.

Кешті қорытындылаған қалалық білім бөлімі тәрбие секторының меңгерушісі Гаухар Жақыпбекова мен №5 мектептің директоры Бекзат Құланбаева қонақтарға алғыс білдірді. Оқушылар Досжан ағаға өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын тарту етті.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**
*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**



# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ – МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

**Ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуы үшін және олардың мұғалімдер мен сыныптастардың көмегі арқылы барлық мектепішілік шараларға қатысуына жағдай жасау мақсатында ҚР білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес еліміздің барлық мектептері инклюзивті білім беруге көшеді.**

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру болып отыр.

Бүгінде №21 орта мектепте 10-12 баладан құралған 9 арнайы сынып және 7 инклюзивті сынып ашылды. Логопедтік пункте 30 оқушы көмек алады. 13 оқушы үйде оқыса, арнайы сыныптарда 66 оқушы білім алады. Мектепте ол балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсетіледі. Бұл ретте педагог-логопед, психолог, әлеуметтік педагогтың еңбегі ерен екенін айта кету керек.

Биылғы оқу жылында қалалық бюджет есебінен түзете-дамыту бөлмесі мен психолог кабинеті техникалық құралдармен, дидактикалық материалдармен, ойлау қабілетін дамытатын ойыншықтармен, үлестірмелі материалдармен жабдықталды. Биылдың өзінде білім ордасында түзете-дамыту және релаксация кабинеттері ашылып, толық жабдықталды. Мұнда ерекше білімді қажет ететін балалар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі үшін барлық жағдай жасалған.

2017 жылдан бастап осы мектеп тірек мектебі болып, стажерлық алаң ашылды. Тірек мектебіне магниттік болып тіркелген мектептерде семинарлар, шеберлік сабақтар өткізу арқылы әдістемелік көмек көрсетіледі. Осы орайда 23-25 қаңтар аралығында мектеп қабырғасында инклюзивті марафон өткізілді. Шараға қала мектептерінен арнайы және инклюзивті сыныптарға сабақ беретін 50-ге тарта мұғалім, психолог, логопед, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері мен меңгерушілері қатысты.

«Әрбір бала – жарқыраған бір жұлдыз» атты марафонның мақсаты – инклюзивті ортада білім беру әдісін жетілдіру. Инклюзивті оқыту ерекше балалардың басқа қатарластарымен бірге сабақ оқып, білім алуына, оның қоғамға бейімделуіне септігін тигізеді.

Марафонды мектеп директоры Ақжан Аманжолова кіріспе сөзімен ашты. Сондай-ақ, «Аялы алақан» медициналық-әлеуметтік орталық меңгерушісі Кенжекүл Құдайбергенова марафон жұмысына сәттілік тіледі. Қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері Шәрбан Қуанышбекова инклюзивті білім беру әлем назарын аударған мәселе екенін алға тартты.

Үш күнге созылған марафон аясында «Шығармын тірі болсам адам болып...» атты шеберлік сабақтар, «Менің жетістіктерім» тақырыбында қолөнер көрмесі, «Бақытым да, байлығым да – денсаулық!» тақырыбында ашық сабақтар, «Менің мектептегі бір күнім» атты бейнероликтер байқауы өтті. Сонымен қатар, балалар И.Крыловтың «Квартет» мысалын үш тілде сахналады. Шара «Мейірімді жүрек – жылы тілек!» және «Шуағын шашқан аялы алақан» тренингі мен мерекелік концертпен қорытындыланды.

Өткізілген марафон инклюзивті білім беру қағидаларын енгізу бойынша тәжірибе алмасуға таптырмас мүмкіндік болды.

**Еркежан КӨКЕНОВА,**
**№21 ЖОБММ мектеп директорының орынбасары, инклюзивті білім беру координаторы**